

Абайдың қара сөздері

ОНЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?

Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы - қызық, жаманы - күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірлікте өзіңе-өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң көсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің - балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тозақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап өсірмек пе екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да - бір бос сөз. Әуелі - өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші - балаң мейрімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші - малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары - ол да екі талай. Хош, құдай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсің. Әуелі өз күнәнді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласың. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мез боласың. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Бокта!» деп, біреуді боқтатып, «көпір - қияңқы, осыған тимеңдерші!» деп, оны масаттандырып, өбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде, молданың ең арзанын іздеп, хат таныса болады деп, қу, сұм бол деп, «пәленшенің баласы сені сыртыңнан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат мінез қылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр күтесің бе?

Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Құдай берді, бергенін алмайсың. Құдай тағала саған еңбек қылып мал табарлық қуат берді. Ол қуатты адал көсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса, ұғарлық ақыл берді, қайда жібергенінді кім біледі?.. Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды? Оның саған керекі жоқ. Сенікі - біреуден қорқытып алсаң, біреуден жалынып алсаң, біреуден алдап алсаң болғаны, іздегенің - сол.

Бұл - құдайдан тілеген емес. Бұл - абыройын, арын сатып, адам жаулағандық, тіленшілік. Хош, сүйтіп жүріп-ақ мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адамшылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айрылады. Бейнет, күйігі, ызасы - сол үшеуінен басқа ешнәресе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады. Жоғында «маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады. Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі.



Мемлекет басшысы медицина саласындағы ғылыми орталықтардың қызметкерлерін құттықтады, - деп хабарлайды Ақорда сайты.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Масғұт Айқымбаев атындағы

Аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы мен Білім және ғылым министрлігіне қарасты Ұлттық биотехнология орталығының ұжымдарына құттықтау хат жолдады.

«Ғылыми институттардың ұжымдарын COVID-19 коронавирусын анықтауға

арналған диагностикалық тест жүйесін әзірлеуімен құттықтаймын! Аса қауіпті инфекциялар ұлттық ғылыми орталығы мен Ұлттық биотехнология орталығының ғалымдары халықаралық стандарттарға сай келетін қажетті тест жүйесін қысқа мерзімде жасап шықты. Сіздердің жетістіктеріңіз отандық биомедицина саласының бәсекеге қабілеттілігі жоғары екенін көрсетеді. Әлемге тараған коронавирус індетіне қарсы күрес жүріп жатқан кезде бұл жаңалықтың ұсынылуы өте маңызды болып отыр. Әзірленген тест жүйесі

ТОҚАЕВ ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНА АЛҒЫС БІЛДІРДІ

мындаған азаматымыздың өмірі мен денсаулығын сақтап қалуға көмектеседі деп сенемін», - деп жазылған Мемлекет басшысының құттықтау хатында.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі ғылыми орталықтың ел игілігі жолындағы жұмыстарына табыс тілеп, алғыс білдірді.

ӨРКЕНИЕТ Ордасы

Елімізде маңызды қалалардың бірі саналған Шымкент - биыл ТМД елдерінің Мәдени астанасы атанды. Бұл әрине, тектен-тек емес екендігі барлығымызға мәлім. Себебі, халқы көп шоғырланған шаһар бүгінде экономикасы мен мәдениеті қалыптасқан орталық ретінде тек елімізге ғана емес, алыс және жақын шет елдерге белгілі болып отыр. Осындай мәртебеге ие бола отырып, біз туристік әлеуетімізді дамытуға мүмкіндік алсақ, екінші жағынан бұл қаланың тарихы туралы кейінгі ұрпаққа қалдыру мақсатында біраз тындырымды тірліктер атқаруға өз септігін тигізуде.



Одан бөлек, еліміздің Тұңғыш Президенті - Елбасы өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында «Бұл - тарихқа деген дұрыс ұстаным. Сол арқылы түп - тамырымызды білуге ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс. Оған қажетті дәйектеріміз де жеткілікті», - деп айтып өткен.

Шымкент - тек бүгінгі күні ғана емес, осыдан бірнеше мың жыл бұрын да өркениеттің ордасы болғанына бүгінде қаланың жан-жағында жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстары айқын болып отыр. Оның

бір дәлелі, бүгінде қала төрінде Цитадельдің табылуы. Елімізге белгілі археологтар Шымкент қаласының 2200 жылдық тарихы барына негізгі дәлелдер дәл осы Цитадельдегі қазба жұмыстары кезінде табылған көне заттар екенін тілге тиек етіп жүр. Зерттеушілердің бірі де бірегейі, ғалым, тарих ғылымдарының докторы Бауыржан Байтанаев: «Цитадельді зерттеу барысында қазба жұмыстары орнынан 8 зеңбірек, жарылған оқ жарықшақтары, құмыралар, түбектер, шырағандар және әшекейлер мен алтын мен күмістен соғылған ақшалар табылды. Шымкенттің өз мұражайын ашуға жететін дүние қолымызда бар» деп еді. Сондай-ақ, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы бесінші «Түркі әлемінің бесігі» атты бөлімінде «Қазақтардың және Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар гасырлар бойы Қазақстан жерінің төжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі саналды. Дәл осы өңірде біздің дәуіріміздің I мыңжылдығының орта шенінде Түркі дүниесі пайда болып, Ұлы дала төсінде жаңа кезең басталды.

Жалғасы 4-ші бетте



БІРІККЕН АРАБ ӘМІРЛІГІ ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖІБЕРДІ

Біріккен Араб Әмірліктері билігінің шешімі бойынша Қазақстанға гуманитарлық көмек партиясы келіп жетті, - деп хабарлайды ҚР Сыртқы істер министрлігі. Біздің елдеріміз арасындағы дәстүрлі жылы және достық қарым-қатынастардың, сондай-ақ коронавируспен күрес жөніндегі бірлескен күш-жігердің арқасында БАӘ-нен бортында жалпы салмағы 13 тоннаны құрайтын толық медициналық қорғаныс құралдары, жартылай медициналық қорғаныс құралдары, бір реттік қолғаптар, медициналық маскалар, бапшалар, антисептиктер және т.б. медициналық құралдар бар ұшақ келіп қонды.

Өзара қол ұшын созу аясында Қазақстанға бұған дейін де АҚШ, Қытай, Оңтүстік Корея, Жапония, Түркия және Израиль секілді елдерден түрлі көмек көрсетілген еді.

Гуманитарлық көмек - бұл серіктестерге өзара қолдау көрсетудің жалпыға ортақ халықаралық тәжірибесі.

Тез тарайтын эпидемиологиялық дағдарыс жағдайында өлемнің барлық мемлекеттері әлеуметтік-экономикалық әлеуетіне және географиялық алшақтығына қарамастан, түрлі көмек алу үшін өзара жүгінеді.

ҒАЛЫМДАР МАСКАНЫҢ ТИІМДІЛІГІН РАСТАДЫ

Әлем ғалымдары жүргізген зерттеуде медициналық масканың коронавирус инфекциясының таралуын тежейтіні дәлелденді.

Олар Gesundheit II арнайы аппараттың көмегімен адамның тыныс алуы нәтижесінде маска түрлі вирустарға тосқауыл бола алатыны анықталды.

Масканың арқасында 111 науқас тыныс алған ауада вирустың айтарлықтай төмендегені байқалды.

Тағайындау



Жанат ТӘЖИЕВА -

Шымкент қаласының
Білім басқармасына басшы

Шымкент қаласының 1 жылдан аса бос тұрған Білім басқармасына басшы болып Жанат Арысбекқызы Тәжиева тағайындалды.

Жанат Арысбекқызы – тәжірибелі педагог, білім саласында 30 жылдай уақыт еңбек еткен, сала үздігі. 8 жылдай Шымкент қалалық білім бөлімінің басшысы қызметін атқарды. Сондай-ақ, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Оңтүстік Қазақстан облысының, Шымкент қаласының Білім саласындағы бақылау департаментін басқарды.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ ЕСКЕРТЕДІ!

Қалыптасқан жағдайға - төтенше жағдайға, күшейтілген карантиндік режимге байланысты Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті қашықтықтан жұмыс режиміне көшеді.

Барлық сұрақтарды WhatsApp-қа +7-747-862-28-79 жіберулеріңізді сұраймыз.

Сіз ЕАСУ порталына ресми түрде берген өтінімдердің, ветери-

нарылық және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелері бойынша АШМ және КВКН-ға өтініштердің хаттарының қаралуын жеделдету үшін, Экспорт/импорт мәселелері бойынша консультация алу үшін осы нөмірге смс немесе құжаттардың көшірмелерін жібере аласыз.

Жедел түрде жұмыс тобы ВБҚК қарайды және Сізге жауап жібе-



Гүлшара ӘБДІХАЛЫҚОВА -

Қызылорда облысының әкімі

28 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Гүлшара Әбдіхалықова Қызылорда облысының әкімі болып тағайындалды.

Гүлшара Наушақызы Қызылорда облысының Сырдария ауданында туған. Еңбек жолын 1987 жылы Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтын бітірген, экономист-сарапшы болып бастаған. Қызылорда облысы әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің аға инспекторы, Қызылорда облысы әлеуметтік қорғау басқармасының бөлім бастығы, Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің кеңесшісі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бөлім бастығы, басқарма бастығының орынбасары, басқарма бастығы, департамент директоры, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі, «Мемлекеттік аннуитеттік компания» Өмірді сақтандыру жөніндегі компаниясы» АҚ Басқарма төрайымы, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

«Астана» (1999), «Ерен еңбегі үшін» (2001), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» (2005) медальдарымен марапатталған. 15-тен астам ғылыми мақалалар мен жарияланымдардың авторы

ның компьютерлік техникасы және 11 мың оқытушыда интернет желісін пайдалану мүмкіндігі жоқ болатын.

Енді, қашықтықтан оқуға барлық жағдай жасалды.

Жалпы облыстағы 429 943 оқушы республикалық «Балапан», «Еларна», «Қазақрадиосы», «Оңтүстік» телеарналары мен «Қазақрадиосы» және «Қазпошта» АҚ арқылы қашықтықтан оқитын болады. Білім және ғылым министрлігінің дайындаған видео сабақтарын жергілікті телеканалдар да оқушыларға тиімді уақыттарда көрсетілімдер ұсынатын болады. Телеарна көруге мүмкіндігі жоқ шалғай елді мекендердегі 320-дан астам оқушы «Қазақрадиосы» және «Қазпошта» АҚ көмегін пайдаланады. Ұстаздар қосымша аптасына бір рет оқушыларға «Whatsapp», «Telegram» мессенджерлерінің көмегімен тапсырмаларын беріп отырады.

Алайда, ғаламторға қосылуға мүмкіндігі бар қалалық мектептердегі 57 421 оқушы қосымша ретінде «Bilimland», «Dagun online», Күнделік. КЗ, оқытуға арналған порталдарды пайдалана алады. Бұл жүйемен білім алу ешбір оқушыға міндеттелмейді.

Айта кетейік, Арыс қаласындағы бала саны 580 дейінгі шағын 9 мектеп сабақтарын бұрынғысынша дәстүрлі түрде өте береді. Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай оқушылардың сабағы 30 минуттыққа қысқартылған және екі ауысымда жүргізіледі. Арадағы үзіліс кезінде бөлмелер желдетіліп, қауіпсіздік шаралары сақталады.

Ал, Миллионды қала оқушылары білім беру жүйесінің екі бағыты бойынша қамтылмақ. Оның бірі - Интернет платформа. Екіншісі - Теларналар арқылы, бұл ең тиімді әрі оңай тәсіл. Бұл туралы Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Алмасбек Мамытбеков баспасөз брифингінде мәлімде-

ді. Жаңа оқу тоқсанына қиындық болуы заңдылық. Сала мамандарының хабарлауынша 17 мыңнан астам ұстаз тас түйін дайын отыр. Олар алдын ала әлеуметтік желілер мен мемлекеттік бағдарламаларды каникул кезінде қарады. Жаңа оқу тоқсанына

ШЫМКЕНТТЕГІ 213 БІЛІМ БЕРУ
ҰЙЫМЫ ЖАҢА ФОРМАТҚА КӨШТІ

ген болатын.

Қалалық білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиеваның айтуынша, Шымкенттегі 147 мектептің 25-і жеке меншік.

Білім басқармасы 222 мыңнан астам оқушының материалдық жағдайын саралап, оларды бірнеше топқа бөлді. 30364 бала аз қамтамыз етілген отбасыдан шыққан. Оның 17 мың 616 компьютер қажеттілігі туындаған. Бұл мәселені шешу мақсатында қала мектептеріндегі 10 192 компьютер оқушыларға таратылып берілді. Ал, қалған 7424 балаға қажетті компьютер сатып алу үшін республикалық бюджеттен 2250 миллион теңге бөлінді. Ол қаржыға 9000 компьютер сатып алуға мемлекеттік сатып алу жұмыстары ұйымдастырылуда. Бұл жұмыс арада шешіледі, - деді басқарма басшысы.

Қашықтықтан оқыту жүйесі Қазақстан үшін таңсық емес. Алайда мектеп оқушылары жалпы бұндай жаппай қашықтықтан оқыту жүйесін бірінші рет қолданып отыр. Сондықтан

қатысты жоспарларын түзіп қойған. Әр пән мұғалімі соңғы тоқсанда оқытылуы қажет сабақтардың арнайы кестесін жасаған. Бұл үйде отырған бала үшін тиімді. Өйткені уақытын босқа өткізбей сабақ оқиды.

6 сәуір күні, 172 мектеп IV тоқсанды 222 037 оқушымен қашықтықтан оқыту форматында бастады. Сабаққа денсаулығына және басқа да себептермен қатыспаған оқушы саны – 1816 яғни, ол 0,8%-ды құрады.

168 527 мектеп оқушысы яғни 75,9%-ы таңертең сағат 09.00-ден бастап «Балапан» және «Еларна» телеарналары арқылы стандарт талаптарына сәйкес сабақ оқуды бастап, «WhatsApp» мессенджері арқылы мұғалімдерімен кері байланысқа шыға алды.

1. «Bilimland.kz», «Дарын Онлайн», платформа-рына 104 357 оқушы 47%-ы кірген.

2. Мектеп пән мұғалімдері тарапынан «zoom», «google class», «edu page» бағдарламалары арқылы 37 мектепте 14 800 оқушыға онлайн сабақтар өткен.

Бұл аптада
кімдер
туылған?

08.04.1962

Ғани Рысбеков,
Қазақстан халқы
Ассамблеясы Түркістан
облыстық филиалы
Төрағасының орынбасары,
хатшылық меңгерушісі.

09.04.1975

Өркен Есей,
Түркістан облыстық
мәслихатының депутаты.

10.04.1949

Рахым Тәңірберген,
Түркістан облыстық
мәслихатының депутаты.

13.04.1961

Абзал Әділбеков,
Бөйдібек аудандық
мәслихатының депутаты.

14.04.1970

Алмас Салимов,
Түркістан облыстық
мәслихатының депутаты.

Құрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұсымы
туған күндеріңізбен шын
жүректен құттықтайды!

3. Мұғалімдердің 89%-ы оқушылармен кері байланысқа шыға алды.

Электронды журналдар «Күнделік», «Ай мектеп» платформасына жауапты мамандар арқылы логин,

парольмен бақылануда.

Нәтижесінде, 166 мектептердің «Күнделік» электронды журналдарға кіруі 88,59 %-ды құрады.

Оқушыларын журналға белгілей алмай отырған 17 мектеп, 69% ғана оқушысы кірген 16 мектеп, 84%-ға дейін оқушысы кірген - 2, 85%-дан жоғары оқушысы кірген 131 мектеп анықталды.

«Ай мектеп» электронды журналына белгіленген 6 мектеп бойынша көрсеткіш не бәрі 10% құрап отыр. Кемшілік «Ай мектеп» электронды журналы бағдарламашылары тарапынан. Себебі, аталған портал өз арнасын кеңейте алмау салдарынан мектептерге кіру мүмкіндігі қиындық туғызуда.

Қашықтықтан оқыту форматына қатысты сұрақтарға қалалық білім басқармасы жанынан құрылған Call-центрде жауаптар берілуде. (Жұмыс сымтетігі - 8 7252 39-49-26, ватсап, телеграмм: +7 702 770 16 00, +7 701 158 05 55, +7 702 253 96 47, +7 701 131 41 31).

Ақнұр ҚАРАБАЙ

ОҚУШЫЛАР ҚАШЫҚТЫҚТАН
БІЛІМ АЛУДА

Еліміздегі интернетке қолжетімсіздікті ескеріп, бұл форматтың бағыттары өзгергенін ғылым және білім министрі Асхат Айтмағамбетов 3-сәуірдегі брифингте хабарлады. Енді, түрлі жолдармен балалар білім алады. Атап айтсақ, «Балапан» телеарнасы мен «Ел арнадан» күніне 8 сағат кестеге сай, арнайы дайындалған видео сабақтар беріледі. Ал, ұй тапсырмаларын орындауға ата-ана мен бала жауапты. Бұған дейін, сынақ сабақтарында түрлі платформаны пайдаланған білімгерлер өздеріне ыңғайлы желіде оқуды жалғастырады. Теледидар мен ғаламторды пайдалануға мүмкіндігі жоқ жандар радио арқылы да сабақтарды тыңдай алады. Орталықтан шалғайда жатқан мектептер почтамен оқиды. Осылай деген министр ұстаздарға ешқандай қысым болмайтынын ескертті. Тіпті, арнайы заң қабылданған. Мұғалімдер тек сынып журналы үшін ғана есеп береді. Еске салайық, елімізде 3 миллион-

нан астам оқушы бар. Оның 2 миллионы қалада тұрса, 1 500 аудан орталықтарындағы мектептерде оқиды.

Ал, елдегі жарияланған төтенше жағдайға байланысты, мектеп бітіруші түлектер ұлттық бірыңғай тестілеу сынағына үйден шықпай онлайн режимде дайындалады. Қазір дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Түркістан облысы бойынша 909 орта білім беру ұйымдарында 488 182 оқушы білім алып келеді. Оның 80% ауылдық жерлерде оқиды. Үй жағдайында интернет желісіне мүмкіндігі бар оқушылар саны 124 мың оқушыны құрайды, ал, 121 мың оқушының компьютерлік техникалары жоқ. Осы ретте ұстаздар мен оқушыларды тиісті компьютерлік техникамен қамтамасыз ету үшін мектептердегі 29 мың компьютерлер мен ноутбуктер өз жауапкершіліктері негізінде таратып берген. Бұл туралы облыстың бас мұғалімі Рахымбек Жоллаев айтып берді. Жалпы, 9 мыңға жуық оқытушы-



ТӘЖТАЖАЛМЕН ТАЙТАЛАС

Тәжтажалдың тауқыметі. Төтенше жағдай. Тұңғыш рет тұтас әлем тұтастай тұмшаланып тұр. Бізде тұмшаландық. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 16 - наурыздан бастап Елімізде төтенше жағдай енгізілді. Бұл - ел мүддесі үшін дер кезінде қабылданған дұрыс шешім болды деп есептейміз. Соның арқасында жұқпалы індеттің етек жайып кетуінің жолы тарылды. Дегенмен, екіншіше қарай, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан басталған коронавирус еліміздің барлық облыстарына жетіп үлгерді. Түркістан облысы да тыс қалмады.

Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында карантиндік режим енгізіле салысымен, өңір басшылығы қауіпсіздік шараларын күшейтіп, облыс аумағына сырттан кіретін жолдарға блок-бекеттер қойылды. Іле-шала мұндай бекеттер, жалпы саны 72 блок-пост қала және аудан орталықтарына кіретін барлық жолдарға да қойылды. Блок-бекеттерден өткен азаматтардың бәрі арнайы құрылғымен жіті тексерілді. Десек те, көзге көрінбейтін жау бәрі бір жол тапты. Түркістан облысында алғаш індет ошағы Жетісай ауданынан шықты.

27 - наурыздан бастап қызуы көтеріліп, ауырған азамат 30 - наурыз күні ауруханаға қаралғанда коронавирусты жұқтырғаны анықталған. Жан - жақты тексерудің нәтижесінде, ол бұған дейін Нұр-Сұлтан қаласында болып, 21 - наурыз күні Нұр-Сұлтан қаласынан Павлодар-Қызылорда бағытында қатынайтын пойызға отырып, Қарағанды қаласына келіп, аялдаған. Керекті пойызды күтіп, 6 сағат вокзалда отырған ол, бері қарай Петропавл-Қызылорда бағытындағы пойызға 22 - наурыз күні сағат 6:00-де отырып, 23 - наурыз күні Шымкент қаласынан түскен. Шымкенттен жеке көлімен Жетісай қаласына жеткен. Нұр-Сұлтан қаласында 5 адаммен байланыста болған ол, үйіне келген соң 11 адаммен қарым-қатынаста болыпты. Науқаспен байланыста болған адамдардың бәрі сол сәттен бастап қатаң бақылауға алынып, оқшауланған болатын. Солардың арасынан тағы үш адамнан індет анықталды. Және осы ауданнан Алматы қаласында іссапарда болып қайтқан тағы бір адамның коронавирусты жұқтырғаны белгілі болды. Осылайша, айналдырған екі күннің ішінде Жетісай ауданында COVID-19 індетіне шалдыққандардың саны 5 адамға жетті. Науқастар ауруханаға жатқызылып, шұғыл түрде індет жұқтырған азаматтардың үй-жайлары толық дезинфекцияланып, санитарлық өңдеу жұмыстары жүргізіліп, олармен байланыста болған 41 адам анықталды. Барлығы да оқшауланып, олардан сынамалар алынып, індет жұқтырған-жұқтырмағандығын анықтау үшін зертханаға жолданған.

Індеттің осылай өршуіне байланысты 1 - сәуір күні облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев халыққа Үндеу жариялап, қауіпсіздік шараларының бұрынғыдан да күшейтілгенін мәлімдеді. «Эпидемиолог мамандар тарапынан бүгін тіркелген ауру ошақтарында залалсыздандыру, науқаспен байланыста болғандарды табу және оларды оқшаулау бойынша эпидемияға қарсы іс-шаралар ұйымдастырылды. Инфекция табылған Әбдіхалық ауылы мен Жетісай қаласындағы мөлтекауданда карантин жарияланды. Дезинфекция, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау саласынан арнайы мамандардан құрылған мобилді топ жасақталып, Жетісай ауданына жіберілді. Қосымша көмек ретінде медициналық жабдықтар мен көліктер дайын. Өзге аудандардан инфекционист және реаниматологтардан құралған 6 бри-

гада Жетісайға жолданды. Облыстың Бас инфекционист дәрігері ауданда осы шараларға басшылық етеді. Керекті төсек-орындар, госпитальдар толық дайын», - деді өңір басшысы Өмірзақ Естайұлы.

Сондай-ақ, облыс әкімінің тапсырмасымен, Полиция, Төтенше жағдай департаментімен, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, прокуратура, денсаулық сақтау саласымен бірлесе отырып, шұғыл түрде карантин жарияланған елді-мекендер шекарасына блок-бекеттер қойылып жатқандығын, Төтенше жағдай режимін бұзған азаматтар заң аясында жауапқа тартылатындығын ескертті.

Жетісай ауданында инфекция ошағы мен қоғамдық орындарда ауқымды дезинфекция жұмыстары жүргізіледі, - деген облыс әкімі, індеттің таралу қаупі жоғары болғандықтан, тұрғындарды төтенше жағдайға байланысты қабылданған шараларға түсіністікпен қарап, тиісті тәртіптік шараларды сақтауға, дәрігерлердің нұсқаулықтарын бұлжытпай орындауға шақырды.

«Вирустың таралуын болдырмау мақсатында облыс аумағында барлық азаматтар медициналық беттерде киіп жүруі керек. Дүкендер мен қоғамдық орындарда бетпердесіз жүруге тыйым салынады. Онда арнайы залалсыздандыру құралдары орнатылуы тиіс. Тұрғындар үйден тек қана азық-түлік, дәрі-дәрмек алуға немесе жұмысқа бару үшін шығуы керек. Отбасылық мерекелер мен той-жиындарды өткізуге қатаң тыйым салынады», - деген облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев, әлеуметтік желілердегі дәйексіз мәліметтерге емес, тек мемлекеттік, ресми органдар таратқан ресми ақпараттарға ғана көңіл қою қажеттігін атап өтті.

«Құрметті жерлестер! Дәл қазір бүкіл әлем қиын кезеңде тұр. Алайда, біз бұл қиын-қыстау уақыттан да бірлік пен ынтымақтың арқасында аман-есен өтеміз деп сенемін! Қазіргі таңда бізге тыныштық керек, жалған ақпараттарға сенбеңіздер. Ресми ақпаратқа ғана сеніңіздер. Біз күнделікті жағдайды қатаң бақылауда ұстап отырмыз», - деді Өмірзақ Естайұлы халыққа арнаған Үндеуінде.

Мұндай жағдайда негізгі жауапкершілік - облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігеріне жүктелетіні мәлім. Тиісінше, ол басшылық ететін мекеме індет таралуының алдын алу шараларына күні бұрын дайындық жасаған. 18 - наурыз күні баспасөз мәслихатын өткізген Түркістан облысының бас санитарлық дәрігері, облыстың тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Нышанов Нұрбек Садықбекұлы атқарылып жатқан сақтық шаралары туралы мәлімдеген болатын. Сол кезде-ақ, облыс бойынша 380 мың текше метрге жуық жер дезинфекцияланғандығы, оның ішінде 137 мыңнан астам шаршы метр аумақ - мектепке дейінгі білім беру нысандарында жүрсе, 14 мың шаршы метр - қоғамдық тамақтанатын жерлер, 16 743 шаршы метр аумақ - тамақ өнеркәсіптеріне, 18 908 шаршы метр - сауда орындарына тиесілі екендігі айтылған болатын. Мұндай шаралардың ауқымы кеңейтіліп, күні бүгінге дейін жүйелі түрде жүргізіліп келеді. 20 наурыз күні облыстың бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Н.Нышанов «Төтенше жағдайға байланысты санитарлық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу туралы» арнайы қаулы шығарып, өзіне берілген өкілеттік шеңберінде қала, аудан әкімдері мен барлық департаменттердің, басқармалардың басшыларына нақты тапсырмалар берді. Сонымен қатар, тойхана, түнгі клубтар, кальян, караоке, компьютер клубтары, спорттық-сауық-

тыру кешендері, соның ішінде фитнес орталықтары тренажер залдары, бассейндер, монша кешендері, балалар ойын алаңшалары, т.б. адамдар көп жиналатын орындардың жұмысына тыйым салған. Ертерек қамданып, алдын ала атқарылған осындай сақтық шараларының індет таралуына жол бермеуде септігі зор.

Түркістанның ғана емес, жалпақ еліміздің тыныс-тіршілігін бақылап, жақсылығына сүйініп, жамандығына күйініп, өз ой-пікірін ашық айтып жүрген белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Құлбек Ерғөбек ағамызды өңгімеге тартқан едік. Құлбек Ерғөбек: «Мен алғашқы жұмысымды туған жерім, Отырар ауданында дезинфектор болып бастаған адаммын, және бұл мәселені індет Елімізге келместен бұрын, жіті бақылауда ұстап келемін. Осыған орай, әлеуметтік желілерде бірнеше посттар жаздым. Түркістан облыстық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшылығымен байланыстамын. Облыстық, қалалық әкімдіктердің істеп жатқан жұмыстарын көріп отырмын. Жалпы атқарылып жатқан жұмыстарға көңіл толады. Атқарылуға тиісті сақтық шаралары дер кезінде қолға алынды деп есептеймін», - дейді, профессор Қ.Ерғөбек.

Түркістан облысы бойынша 3 - сәуір мен 17 - сәуір аралығында шектеулер енгізілді. Атап айтқанда, облыс аумағында «бетперделік режим» енгізілді. Тұрғындар үйлерінен тек қана азық-түлік, дәрі-дәрмек алуға немесе жұмысқа бару үшін шығуы керек. Жүк тасымалынан бөлек, жолаушылар тасымалының барлық түрі тоқтатылды. Қоғамдық көліктер таңғы 6.00 мен 20.00 аралығында жүреді. Азық-түлік базарлары күн сайын дезинфекцияланады, жұмыс режимі сағат 10.00 мен 17.00 аралығы. Азық-түлік дүкендері мен дәрханалар 9.00-ден 20.00-дейін жұмыс істейді. Көпшілік тамақтанатын орындар келушілерді қабылдамай, тек үйге тапсырыс қабылдау арқылы сағат 8.00 мен 20.00 аралығында жұмыс істейді. Жанар-жағар май құю бекеттері, екінші деңгейлі банк, жеке нотариустар 10.00 мен 16.00 аралығында қызмет көрсетеді. Сән салоны, шеберхана, көлік жөндеу орындары сағат 10.00-18.00 аралығында қызмет атқаратын болады.

7 - сәуірдегі жағдай бойынша Республикада 662 науқас тіркелсе, Түркістан облысында індетке шалдыққан 33 адам анықталып отыр. Жетісайдан бөлек Кентау, Арыс қалалары мен Мақтарал, Ордабасы, Сарыағаш, Сайрам аудандарынан да індет ошақтары анықталды. Жетісай ауданында науқасқа шалдыққан бір адам қайтыс болды.

Облыс орталығы Түркістан қаласында қарқынды жүріп жатқан құрылыс жұмыстары төтенше жағдайға байланысты тоқтатылмайды. «Жұмысшылар тиісті барлық сақтық шараларын қатаң ұстанып жұмыс істеуде», - дейді, облыс әкімінің бірінші орынбасары Қосман Айтмұхаметов. Бүгінге дейін ешқандай кемшіліктер орын алмаған.

Бүгінгі таңда Түркістан қаласында құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатқан 35 нысанында 3261 құрылысшы бір ауысымда жұмыс істейді. Олардың барлығы жергілікті тұрғындар. Жұмыс барысында құрылысшыларға бетперде тағып жүру міндеттелген. Өр нысанда медициналық пункттер жұмыс істеуде. Жұмысшылардың дене қызуы күнделікті өлшеніп тұрады. Сондай-ақ, қолдарын жиі-жиі залалсыздырып отыру үшін антисептикпен қамтамасыз етілген.

Сейсенбай АХМЕТ

COVID-19 ВИРУСЫН ЖҰҚТЫРҒАНДАРҒА ГОСПИТАЛЬ САЛЫНУДА

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес еліміздің үш маңызды қаласында COVID-19 індетін жұқтырғандарға арналып ауруханалар салынып бастады. Дүйсенбі күні қала мәрі Мұрат Әйтенов дәл осы госпиталь құрылысымен етене танысты. Төтенше жағдай кезінде науқастарды қабылдайтын госпиталь тез құрастырылатын материалдардан тұрғызылады. Оған қажетті құрылыс заттары толықтай отандық. 400-ге жуық жұмысшы жергілікті жерден тартылған.

Еліміздегі жетекші құрылыс компаниясына жүктелген бұл нысан туралы компания өкілі үш аптада салынып бітуі тиіс ғимараттар туралы өзінің Instagram әлдеуметтік парақшасында айтып өтті. «Бізді жұмыс тобына қосты. Құрылыс материалдарына қатысты өртүрлі ұсыныстар келіп түсуіне байланысты, сондай-ақ, уақыт тапшылығы мен қаражатты үнемдеу мақсатында үш қаладағы ауруханаларды климатына сай үш түрлі етіп салуды жөн көрдік» дейді. Компания өкілдерінің айтуынша Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында күн райына байланысты модульді тұрғын блоктармен тұрғызылса, Шымкенттегі аурухананы көрші мемлекеттегідей контейнерлерден тұрғызуды жөн көріпті. Себебі, мұнда Өзбекстандағыдай ауа райы жылы екендігін тілге тиек етіп отыр.

Қала өкімі карантин кезінде жұмысшыларды арнайы автобуспен тасымалдау, қауіпсіздік шараларын сақтау және ауыр жүк көліктерінің тәулік бойы құрылыс заттарын тоқтаусыз жеткізу мәселесінде кедергі болмауын жауаптыларға жүктеді.

Арнайы аурухана стационар, жан сақтау сынды бірнеше бөліктен тұрады және онда медицина қызметкерлері жатып жұмыс істейтін жай салынып, оған қажетті мамандар іріктеліп алынады.

Бұл ретте уақытша аурухананың жабдықталуы мен санитарлық-эпидемиологиялық жағдайы белгіленген нормативтерге толық сай болады.

Мұндағы бүкіл ұйымдастыру жұмыстарын Шымкент қалалық жұқпалы аурулар ауруханасы үйлестіретін болады. Ал, аталмыш аурухананың бас дәрігері Амангелді Ерғешбекұлы «Шымкентте құрылысы басталған 200 орындық модульдік инфекциялық госпиталь бірінші кезекте миллион тұрғыны бар қаламыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Осындай жедел шешім қабылдау арқылы бұл құрылыс коронавирус инфекциясы COVID19 пандемиясының өршуін тоқтату мақсатында іске асырылып жатыр. Аурухана стационар, жан сақтау сынды бірнеше бөліктен тұрады. Онда медицина қызметкерлері жатып жұмыс істейтін жай салынып, оған қажетті мамандар іріктеліп алынады. Модульдік госпиталь санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай, қала құрылысы нормативтері мен архитектуралық заңнама толықтай сақталған. Бұл тұрғындарға қауіпті емес. Госпиталь инфекциялық аурулардың алдын алуды жақсартатын болады», - дейді.

Аталған госпитальдің қала аумағында қызмет етуі инфекциялық аурулардың алдын алуды жақсартатын болады.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Тарих пен география түркі мемлекеттері мен ұлы көшпенділер империялары сабақтастығының айрықша моделін қалыптастырды. Бұл мемлекеттер ұзақ уақыт бойы бірінбірі алмастырып, орта ғасырдағы Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени өмірінде өзінің өшпес ізін қалдырды деп, сол кезеңдегі байтақ даламыздың әр аймағында мәдениеттің озық үлгісі, сауда-экономиканың дамыған орталығы саналатын қалалардың пайда болғандығын айтып өтіп отыр. Әрине, өркениетті орталықтардың бірі Шымкент қаласының да болғандығы айқын. Оның үстіне, қолайлы климатының арқасында қала ескі заманнан-ақ, адамдардың өмір сүруіне қолайлы мекен болып табылғандығы шүбәсіз. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ежелгі қоныстарға жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған мәдениет мұралары мен тау етегінде өзен бойындағы алқаптарда егіншілік пен жүзімдік, ал көгалды таулы жайылымдарда - мал шаруашылығы дәлел бола алады.

Содан бері де Шымкент тоғыз жолдың торабындағы сауда-экономикасы, мәдениет мен өркениеті дамыған орталық болып ғасырдан ғасырға тек даму үстінде болды. Себебі, өткен ғасырларда және Кеңес үкіметі тұсында да мұнда жаңа өндіріс нысандары салынып, оқу орындары мен ғылыми, мәдениет ошақтары ашылды. Бұл өз кезегінде қаланың одан әрі дамуына септігін тигізгені хақ. Мәселен, қала экономикасының дамуында 1883 жылы ашылған дәрі-дәрмек өндіретін “Сантонин” зауыты маңызды рөл атқарып, оның өнімдері экспортқа шығарылса, XX ғасырда қала тарихының жаңа кезеңі басталды. Яғни, қала келбеті жаңа тұрғын үйлер, гүлзар, көшелері, саябақтарымен ажарлана түсті. 1932 жылы ауылшаруашылық авиациясының базасы негізінде Шымкент әуежайының пайда болуы қала экономикасының дамуына едәуір пайдасын тигізді.

Ұлы Отан соғысы жылдары Шымкент қаласы КСРО-дағы маңызды қалалардың біріне айналды. Соғыс жүріп жатқан аймақтардан бұл жерге елдегі бірқатар өндіріс орындары, 17 зауыт пен фабрикалар көшіріліп әкелінді. Ал, соғыс біткен соң, қала дамуында тағы бір серпіліс болды. XX ғасырдың орта шенінде тағы бірқатар кәсіпорындар салынып, елімізді және көрші елдерді сапалы тауарлармен қамтамасыз етті. Атап айтқанда, “Мақта-қағаз комбинаты”, “Қаракөл”, “Цемент”, “Гидролиз зауыттары”, “Восход” тігін фабрикасы, металлқұрастыру және тұрғын үй құрылысына қажетті материалдарды өндіретін кәсіпорынды, “Электроаппарат” зауыты, ал, тамақ өнер-кәсібінен ет, сүт, сыра, салқындатылған сусындарды шығаратын кәсіпорындарды атауға болады. Химия өнер-кәсібі жедел дамыды. Шымкентте фосфор, шина және мұнай өңдеу сияқты алып зауыттар салынып, Омбы-Павлодар-Шымкент мұнай құбыры тартылды. Тұрғын үй салу қарқындап жүріп жатты. Жаңа мөлтекаудандар, көшелер, даңғылдар, саябақтар, скверлер пайда болды. Білім беру, медицина және мәдениет мекемелерінің саны өсіп, спорттық-сауықтыру кешендері салынды. Жаңадан салынған демалыс кешені құрамында дендробак, зообак, жасанды көл және ипподром бар.

Ал, тәуелсіздік жылдары да Шымкент одан әрі дамып, құрылысы қарқын алды. Үздіксіз даму үстіндегі шаһар 2011 жылдың тамыз айында үздіктердің қата-

ӨРКЕНИЕТ

Ордасы



Сурет: Поселок Шымкентского свинцового завода, 1939 год
Фото: Из фондов ЦГА КФД

рынан көрінгендігі – әлі ел есінде. Халықаралық ірі қалалар мен астаналар ассамблеясы Шымкент қаласының басшылығына III халықаралық байқауының арнайы дипломымен марапаттап, «ТМД және ЕврАзЭС қалаларының ішіндегі ең үздік қала» атағына лайық деп таныған болатын.

2014 жылы Елбасы өз Жолдауында Шымкенттің қаржылық мүмкіндігін ұлғайту мақсатында қалаға агломерация статусы берілетінін мәлімдеді. Өз кезегінде, Шымкент агломерациясының аумағы 1,5 миллион гектардан асып, халқының саны 2 миллион адамға жетіп, агломерация өзегіне айналады деген жоспар бар.

Одан бөлек, қалада ауқымды өзгерістер орын алды. Мәселен, Дендросаябақ жаңа кейіпке енсе, тұрғындардың еркін демалуына арналған өзге саябақтар жөндеуден өтіп, ажарланды. Ал, егемендігіміздің 20 жылдығына арнап бой көтерген “Тәуелсіздік” саябағындағы нысандар тарихи маңыздылығына орай, авторлары Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанған болатын. Мәдени орындардың саны артып, қаланың жер көлемі артты. Аталған саябақ маңындағы ескі шаһарда қазба жұмыстары нәтижесінде табылып, пайда болған Цитадель жұмыстарының құрылысы бүгінде қарқын алуда.

100-ге жуық археологтар қазба жұмыстарымен айналысып отырған Цитадель аумағында қазба жұмыстары жалғасын табууда. Бес гектар жерді алып жатқан бұл тарихи орынның құрылысы біткенде, туристер мен қала тұрғындарының ең қызықты нысандарының бірі болмақ. Бүгінгі күнге дейін жерасты қаласын аршыған археологтар көптеген тарихи жәдігерлердің табылуына куә болып отыр.

Бұл маңызды құрылыс туралы өзінің бір сұхбатында қала әкімі Мұрат Әйтемов «Шымкент қаласы - Қазақстанның көне қалаларының бірі екені ресми нақтыланып, қаланың 2200 жылдық тарихы бекітілді. ЮНЕСКО бұл датаны биыл өтетін халықаралық мерейтойлар тізіміне енгізді. Мұндай шешім былтыр Франция астанасында өткен ЮНЕСКО-ның 40-шы Бас конференциясында қабылданды. Әрине «Ескі қалашықта» ша-

һардың өткенін айқындап, терең тарихына бойлайтын тарихи жәдігерлер аз емес. Қазір онда құрылыс жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Бүгінде ол жер қызу құрылыс алаңына айналған. Сөз жоқ, ғасырлар деңгейіндегі Цитадель қаланың негізгі туристік нысандарының бірі болмақ. Онда амфитеатр, ежелгі мұражай мен галереялар бой көтеріп, қаланың көркіне айналады. Жоспар бойынша Ескі қала бекінісін қалпына келтіру жұмыстары осы жылы аяқталады. Цитадельдің маңайындағы ескі үйлерге келсек, оларды дәл қазір бұзып тастаймыз деп айта алмаймын. Қаланың бас жоспары бойынша әлі де өзгерістер болады, содан соң жаңа тұрғын үйлер салу жайын талқыламақ ниеттеміз, - деді.

Өздеріңізге белгілі 2018 жылы 19 - маусым күні еліміздің Тұңғыш Президенті Шымкентке республикалық маңызы бар қала дәрежесін беру туралы Жарлыққа қол қойды. Жаңа әкімшілік бірлік еліміздің 17-аймағы атанды. «Шымкент - тек еліміздің ғана емес, бүкіл Орта Азияның инвестиция жұмылдыру, технология интеллектуалды ресурсының жаңа орталығы атанады», - деп атап өтті.

Тарихи деректерден белгілі, тоғыз жолдың торабындағы Шымкент географиялық орны өте ыңғайлы орналасқан. Сондықтан да, қанша ғасыр өтсе де, маңыздылығын арттырмаса, кемітпек емес. Тарқатып айтар болсақ, Шымкент маңынан ертеде батыс пен шығысты байланыстырып отырған Ұлы Жібек Жолы өтсе, бүгінде ғасырлық жоба атанып кеткен «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» жолы қаланы кесіп өтіп отыр. Жол

- экономикамыздың құрғатамыры болатын болса, Шымкент қаласы батыс пен шығысты, оңтүстік пен солтүстікті байланыстырып отыратындай мүмкіндікке ие. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының бір бөлімі дәл осы «Ұлы Жібек Жолына» арналып отыр. «Еліміздің географиялық тұрғыдан ұтымды, яғни Еуразия құрлығының кіндігінде орналасуы ежелден өртүрлі мемлекеттер мен өркениеттер арасында транзиттік «дәліздердің» пайда болуына септігін тигізді. Біздің дәуірімізден бастап бұл құрлық жолдары Үлкен Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды» делінген мақалада. Иә, Елбасы атаған ыңғайлы мекендердің бірі - Шымкент болып отыр.

Қорытындылай келгенде, мәдени орындардың ошағына айналып отырған Шымкентте басталған және жоспарланған қарқынды құрылыстары толығымен аяқталғанда, адам таңқалатындай өзгерту көзделіп отыр. Сол кезде шаһарымызды мақтамай, қайта мақтанатындай жағдайға жететініне сеніміміз мол.

АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ ЖІТІ НАЗАРДА

Елімізде демографиялық көрсеткіші жоғары аймақтар Түркістан, Маңғыстау облыстары болса, Шымкент қаласында да туу көрсеткіші бойынша өзге аймақтардан көш ілгері. Сондықтан да ана мен бала денсаулығын сақтау қаламыз үшін маңызды міндеттердің бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы Қазақстан халқына арнаған СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІҢ НЕГІЗІ атты Жолдауындағы ӘЛЕУМЕТТІК ЖАНҒЫРУДЫҢ ЖАНА КЕЗЕҢІ бөлімінде медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуді тапсырған болатын. Яғни, халықтың денсаулығын жақсартуда әлі де болса бірқатар жұмыстар атқарып, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін толығымен жүзеге асыруда асқан жауапкершілікпен қарау керектігін айтып

өтті. Мемлекет басшысы өз сөзінде ана мен сәби өліміне қатысты көрсеткіштердің өңірлік теңгерімсіздігі айқын көрінетіндігін тілге тиек етті. Осындай тапсырмаларға сәйкес, аптаның алғашқы күнінде Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтемов қалалық перзентханада жүріп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Бүгінде медициналық ұйымға тиесілі 6 ғимаратта күрделі жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде. Мердігер компания сәуірдің соңында алғашқы 3 корпусның құрылысын бітіруді және 3 ғимараттың күрделі жөндеуін күзге дейін аяқтауды жоспарлап отыр.

Бюджеттен 1,7 млрд. теңге қаржы қаралған нысандағы жұмыстармен танысқан қала әкімі қанағаттанарлық деп баға берді.

Қазіргі таңда қалалық перзентхананың ескі ғимаратында қажетті ем-дом алуда. Жөндеу жұмыстары аяқталысымен жаңа бөлімге көшіріледі.

Нысан толықтай соңғы үлгідегі медициналық қондырғылармен жабдықталып, заман талабына сай жаңғыртылып жатыр. Құрылыс барысында қала әкімі ғимарат маңында автотұрақ мәселесін шешуді тапсырды. Қажет болған жағдайда қос қабатты ашық автотұрақ салуға болатынын айтты.

– “Жалпы қалалық перзентханада жыл сайын 9 мың нәресте дүниеге келеді. Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін мұнда жылына 10 мың ананың босануына мүмкіндік жасалатын болады”, - дейді перзентхананың бас дәрігері Мәдина Кенжебаева.

Президент өз Жолдауында ана мен бала денсаулығына қатысты өлім-жітім көрсеткіші айтарлықтай төмендеп келе жатқандығын айта келе дегенмен дамыған елдердің деңгейінен айтарлықтай көп екендігіне қынжылған болатын. Шымкент қаласындағы перинаталдық орталықтар тәуелсіздік жылдары соңғы үлгідегі медициналық құрылғылармен жабдықталып, мамандар біліктілігін арттырып Президент тапсырмасын орындап келеді. Алыс және жақын шетелдік мамандармен тәжірибе алмасудың нәтижесінде олар өз білімдерін жетілдіріп, тәжірибе жүзінде дәлелдеуде. Олай деп айтуымыздың бір себебі, соңғы жылдары денсаулығы сыр берген әйелдердің ана атауына көмектессе, келіге жетпеген нәрестелерді күтіп, өмірге бейімдеуде. Оған айқын дәлелі, жуырда мегаполисте дүниеге келген үшемдерді аман алып қалуы. Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, Шымкент қалалық перинаталдық орталықтың дәрігерлері мерзімінен бұрын туған үшемді аман алып қалды. Өкпесі дұрыс дамымай туған нәрестелердің үшеуі бірдей дүниеге келе сала жасанды тыныс алу аппаратына қосылған. Бес күн бойы жансақтау бөлімінде жатқан үшемнің беті бері қарап, екі аптаға жуық Мирраил Мирқурбанов жетекшілік ететін арнайы күтім жасайтын бөлімшеде дәрігерлердің бақылауында болды. Ай-күніне толмай дүние есігін ашқан сәбилердің әрқайсысының салмағы бір жарым келідей ғана болған. Қалалық перинаталдық орталықта күтілген нәрестелер осы уақыт ішінде салмақ қосып, жағдайлары жақсарды. Төртінші рет ана атанған 34 жасар Арайлым Сембиева балаларын аман-есен бауырына басқаны үшін дән риза. Мегаполистің халқын толықтырған Медина, Алина және Ясина есімді үш ару денсаулықтарына ешқандай қауіп төнбегендіктен 7 - сәуір күні перзентханадан шығарылды.

Бетті дайындаған:
Ұлжан Наушабаева.





ШӨКЕЕВ ҚҰРЫЛЫСҚА ҚОСЫМША ЖҰМЫС КҮШІН ТАРТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев қала басшысы Рашид Аюпов пен жауапты сала жетекшілерімен бірге ірі құрылыс алаңдарын аралап, жауаптыларға бірқатар тапсырмалар берді. Шаһардағы 15 нысанның құрылысы биыл толық аяқталып, пайдаланымға беріледі деп жоспарлануда. Барлық құрылыс алаңдарында санитарлық шаралар күшейтілген. Алғашқылардың бірі болып, алдағы мамыр айында Тұңғыш Президент саябағы мен орталық аллеядағы жұмыстар аяқталады. «Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорық-музейіні» аумағы абаттандырылады. Бұл туралы Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Айта кету керек, Түркістан қаласындағы жаңа ғимараттардың құрылысына өңірлер, ұлттық компаниялар және ин-

весторлар атсалысуда. Қаланың әкімшілік-іскерлік және рухани-мәдени орталықтарында Басқармалар ғимараты, департаменттер ғимараты, «Конгресс орталығы», «Нұр-Сұлтан алаңы», оқушылар сарайы, стадион, цифрлық кеңсе, бассейні бар спорт кешені, смарт сити байланыс желілері, қалалық саябақ, «Драма театр», «Ғылыми-әмбебап кітапхана», «Ұлы Дала Елі орталығы», «Қ.А.Ясауи мұражайы» бой көтерген.

Әкімшілік-іскерлік орталығында 7 инженерлік инфрақұрылым нысандарының су, көріз, электр, газ, жылу жүйесі мен жол және абаттандыру құрылыс жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Сонымен қатар «Rixos Turkestan», «Hampton by Hilton», «Нұр-өлем» қонақ үйлері мен «Әкімшілік ғимаратын қонақ үй етіп қайта құру»,

«Керуен Сарай» және 5000 орындық жаңа мешіттің құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ондағы жұмыс барысын бақылап, жұмысшылармен тілдескен Өмірзақ Шөкеев жауаптыларға жұмысты күшейтуді тапсырды. Мердігерлерге қосымша жұмыс күшін тартуды міндеттеді.

«Құрылыс барысында ешқандай кемшілікке орын жоқ. Талап күшейтіледі. Жұмыскерлер саны жұмысқа тұсау болмасын. Қажет болған жағдайда олардың санын арттыру керек. Қосымша жұмыс күшін тартыңдар. Қауіпсіздік ережелері дұрыс сақталып, сақтық шаралары қатаң бақылансын. Құрылыстың сапалы аяқталуын, мерзімінде тапсыруды қадағалаймыз. Құрылыс материалдары тапшылығы орын алса, тасымалдау жағына көмек қолын созамыз. Қазіргі төтенше жағдай кезінде қосымша қиындықтар орын алса, кезек күттірмей шешуге атсалысамыз», - деді облыс әкімі.

Өмірзақ Естайұлы қаладағы тұрғын үй құрылысындағы жұмыстарды да тексерді. Әкімшілік-іскерлік орталығында 7 қабатты 24 тұрғын үйдің құрылысы жүріп жатыр. 92,8 мың ш.м, 1452 пәтерлі жаңа баспаналар заманауи талаптарға сәйкес бой көтерген. Сонымен қатар, 5157 пәтерлі 5-7-9-12 қабатты 73 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Жыл қорытындысымен Түркістан қаласында 420 пәтерлі 9 тұрғын үйді пайдалануға тапсыру жоспарланған. Тұрғын үйлердің құрылыс барысын қатаң бақылауға алынды. Жеке салушылар арқылы 5 және 12 қабатты 54 тұрғын үйлердің құрылысын жүргізу жоспарлануда.

ҚАЗПОШТА ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ҮЙІҢІЗГЕ ЖЕТКІЗІП БЕРЕДІ

Түркістан облысының тұрғындары арасында шот арқылы төлемақылар алып жүрген үлкен қарт кісілер болса, біз қоғам картасын рәсімдеп, мекенжайға жеткіземіз. Басты мақсат – қызметкерлер мен тұтынушылар саулығы! Бұл туралы Қазпошта АҚ Түркістан облыстық филиалының директоры Бақытжан Ысқақ мәлімдеді.

Оның айтуынша, пошта қызметкерлері өз жұмысын штаттық режимде жалғастыратын болады.

«Барлық қызметкерлер санитарлық талаптарға сай жабдықталды. Басқарма қызметкерлері, операторлар, хат тасушылар, сұрыптаушылар, көлік жүргізушілері мен инкассаторлардың барлығы дерлік бетперделер, қолғаптар және антисептиктермен қамтылды. Облыс орталығы мен елді-мекендердегі 55 жастан асқан қызметкерлер өз таңдауымен демалыстарға жіберілетін болады. Мүмкіндігі шектеулі және жасы 80-нен асқан азаматтарға зейнетақы мен жәрдемақылары мекен-жайларына арнайы сақтық киіммен қамтылған мо-



бильдік топпен жеткізілетін болады. Зейнетақыны алу уақыты басталған кезде тұрғындарды міндетті түрде бетперде киіп, сақтық шараларын жасап, кемінде 2 метр араларына арақашықтық ұстап, сабыр сақтап қызмет алуға шақырамыз», - деді Бақытжан Бекболатұлы.

Айта кетерлігі, 2020 жылдың 1-15 сәуір аралығында Мақтаарал және Жетісай аудандарында жұмыс кестесіне аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының қаулысына сәйкес, шектеулер енгізілді. Яғни қызмет көрсету сағат 10.00-нан 16.00 уақыты аралығында болады. Қызметі шектелген елді мекендердегі бөлімшелерге зейнетақы, еңбекақы, жәрдемақылар берілу барысында облыс мамандарын тарту қарастырылған.

«SMART TURKISTAN» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында, «Smart City» тұжырымдамасы бойынша «Smart Turkistan» мобильдік қосымшасы іске қосылды.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі оңай алу цифрлық құралдар арқылы жүзеге асырылуда. Осы орайда, «Smart Turkistan» мобильдік қосымшасы облыс тұрғындары мен қонақтарына қоғамдық қауіпсіздік, коммуналдық қызметтер, транспорт, туризм, денсаулық сақтау, білім беру, кәсіпкерлік саласы, жер қатынастары, такси қызметі, мемлекеттік органдар басшыларына виртуалды қабылдауға тіркелу, тұрғын үй кезегі және тағы басқа салалар бойынша қызметтерге, ақпараттарға жылдам әрі қолайлы қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, елімізде күн тәртібіндегі бірінші мәселеге айналған коронавирус індеті туралы соңғы жаңалықтар, алдын алу шаралары, облыс әкімдігімен жарияланған ескертпелер, хабарламалар осы мобильдік қосымша орнатылған ұялы телефонға хабарлама ретінде келіп отырады. Қосымша Android әрі Apple Store жүйелеріне қолжетімді.

КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ҮЗДІКСІЗ КӨРСЕТІЛЕДІ



ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті табиғи монополиялар субъектілеріне төтенше жағдай кезінде тұрғындардың қарызының болғанына қарамастан тұтынушыларға көрсетілетін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қызметтерді көрсетуді тоқтатпауға кеңес береді. Атап айтқанда, жарық, су, газ беру қызметтеріне қарызы барлардың үйіне көрсетілетін коммуналдық қызметтер тоқтатылмайды. Егер де табиғи монополиялар субъектілері заңсыз әрекетке барып, өз құзіреті шегінде төтенше жағдай кезінде заңсыз әрекетке барса, **8 72 533 4-25-33** телефон нөміріне хабарласып, шағымыңызды қалдыруға болады.

ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫН КӨПІЛДІР ОТЫНМЕН ҚАМТУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ



Түркістан облысында тұрғындарды табиғи газбен қамту бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайы ерекше назарға алынған. Көзделген мақсат - АГТС-ті іске қосып, 78 елді - мекенге көгілдір отын жеткізу. Сондай-ақ, Түркістан мен Кентау қалалары мен оңтүстік аймақтарын толық газдандыру. Жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Атқарылып жатқан қыруар жұмыстың нәтижесінде өзінде 40 елді-мекен табиғи газбен толық қамтылған. Бұл облыс халқының 50%-ға жуығы ғана. Аппарат жиынында облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев барлық аудан әкімдеріне маңызды мәселені мықтап қолға алуды тапсырды, - деп хабарлайды Түркістан облысының Өңірлік коммуникациялар қызметі.

Түркістан облысы энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Игорь Алексеев баяндама жасап, атқарылған жұмыстарды ортаға салды. Қазіргі таңда 38 елді-мекенге көгілдір отын тарту жұмыстары кезек-кезеңімен жоспар бойынша атқарылуда. «Қызылжар», «Жаңақоғам», «Қызылөскер», «Ескі Иқан», «Таскескен», «Жібек жолы», «Қақпақ» АГТС-н іске қосу жұмыстары биылға белгіленген. Сонымен қатар, облыс аумағындағы 262 нысанды рес-

публикалық меншікке өткізу мәселелері де шешілуде.

Түркістан қаласында осы уақыт ішінде 7 262 абонентке газ жеткізілді. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 50%-ға арттыру көзделген. Шаһарда әлеуметтік нысандар мен кәсіпорындарды газдандыру жұмыстары қатар жүруде. 315 нысанның 23-і қоғамдық моншалар. Алдағы уақытта газдандыру мәселесіне қатысты газ-техникалық инспекция жұмысын бастайды.

Кентау қаласында алдағы мамыр айында барлық магистральдық газ және тарату құбырлары орнатылады. Қаланы газбен қамтамасыз ету үшін «Қызылөскер» АГТС-і іске қосылады. Кентауда көпқабатты тұрғын үйлерді табиғи газбен қамтамасыз етіп, пәтерлерді жылыту қазандықтарына қосу жұмыстары қарқынды.

Өңір басшысының тапсырмасына сәйкес, 2021-2023 жылдар арасында облыстың оңтүстік аудандары табиғи газбен толық қамтылады. Бүгінге 5 ауданға газ құбырларын жеткізу жүзеге асуда. Алда Төлеби ауданын газдандыруды 100%-ға жеткізу көзделіп отыр. Үш жылдық жоспарға сәйкес, Түркістан облысының елдімекендерін газ жүйесімен жабдықтап, табиғи газ жеткізу ісі 80%-ға дейін өседі.

КҮШ АТАСЫНЫ БАТАСЫ

... Қажымұқан палуан асқар таудай әкесі Төлегенмен бірге үйге келіп, отбасында қонақта болған кезде кішкентай, сүп-сүйкімді қыз Айымханды қасына шақырып алып, тізесіне отырғызды да:

-Қызым, окуда озат, еңбекте үздік шығып, ата-анаң мен халқымыздың қалаулысы бол! - деп маңдайынан сүйіп, батасын берді.

Содан соң, алып денелі палуан аялы алақанымен арқасынан қаққанда, Айымхан еркелеп атасын құшақтап алғысы келген... Бірақ, жөудіреген жанарымен жақсы көріп қарағаны болмаса, батылы жетпеді... Әкесі қызының жадыраған жүзін көріп:

-Қажеке, рахмет! Алла қаласа, менің қызымның мәртебесі биік болады! Өйткені, Айымханым Сіз бата бердіңіз! - деп қуанды.

Палуанның тілегіне періште «Әумин» деген екен. Бүгінде Ордабасы ауданы, Темірлан ауылының тұрғыны, «Бейбітшілік Әлемі» Халықаралық Қазақ творчестволық бірлестігінің «Алтын қыран» медалінің иегері, Ордабасы ауданының «Құрметті азаматы», «Жылдың үздік кәсіпкері», «Үлгілі отбасы» байқауының жеңімпазы, 11 ұл-қызды тәрбиелеп, қатарға қосқан «Алтын алқа» иегері Айымхан Төлегенқызы Рахиева қазірге дейін жеткен жетістіктері мен еңбектегі абырой-атағы күш атасы Қажымұқанның берген батасының жемісі деп біледі.

Иә, Қажекеңнің батасы - өміріне бағдаршам болды.

ӨМІР ӨТКЕЛІ

Айымхан Төлегенқызы Шымкент медучилищесін бітіріп, жүрек қалауымен Рысбекке тұрмысқа шыққанда, небәрі жиырма жаста еді. Рысбектің қызмет бабымен екеуі Ресейдің Омбы қаласына жол тартты. Ауылдан ұзап шықпаған қыз іштей қиналса да, жолдасына білдірген жоқ... Бойындағы қайсарлық, жақсыға деген ұмтылыс, еңбексүйгіштік қасиеттер жігерлендіріп, алға ұмтылдырды. Күйеуі тергеуші, өзі перзентханада акушер болып, қызмет атқарды. Аз ғана уақыттың ішінде іскерлігімен танылған жас келіншек перзентхананың бас акушерлігіне көтерілді. Дүниеге тұңғыштары Уәлихан келді. Айымхан да, жолдасы да тым балажан еді. Рысбек жұмыстан келгенде, перзентін қуыршақтай етіп, киіндіріп, алдынан көтеріп шығаратын. Олар туған жерден жырақта жүргендіктен, шаңырақта үшеу болғандарына қуанды!

Еңбек демалысына шығып, елге келгенде екінші перзенттері дүние есігін ашты.

Бұрынғы Бөген, қазіргі Ордабасы ауданының орталығы Темірланға көшіп келгенде үшінші перзент туылды. Отбасында бірінен-соң бірі 10 перзент өмірге келіп, шаңырақ шаттыққа бөленді. Өмірлік серігі аудандық ішкі істер бөлімінде, өзі аудандық ауруханада акушер болып қызмет істеді. Рысбек екеуі қыш құйып, кірпіш қалап, үй тұрғызды. Біреуден ілгері, біреуден кейін болып, мамыражай ғұмыр кешіп жатты. 10 перзенттің кенжесі 2 жасқа енді толған, ал, тұла бойы тұңғыштары Монголияда әскери борышын өтеп жүрген. Ойламаған жерден арқа сүйер азаматы о дүниелік болды...

«Батыр ана» атанып, кеудесіне алтын алқа таққан Айымхан небәрі қырықтың қырқасына енді шыққан... Шүпірлеген балапандарын бауырына басып, жылағаны өлі есінде. Сол бір қиын сәтте балаларының жөудіреген жүздеріне назар салған Айымхан тез бойын жинап алды, өзін-өзі қатайтты. Он перзентті бағып-қағу, оқыту, аяқтандыру міндеттері - өз мойнында. Өзін-өзі қайрап, еңсесін тез тіктеді. Оңашада көз жасына ерік бергенімен, перзенттері алдында жүзін төмен қаратпады. Солай істеуге тура келді.

Бұл 1995 жыл еді.

СЫНДАРЛЫ СӘТ ТУДЫ

Сол жылы зейнеткерлікке шыққан еді. Зейнетақы-отбасы бюджетіне түсетін жалғыз қаржы көзі. Балаларды тамақтандыру, киіндіру, денсаулықтары үшін дәрі-дәрмек алу мен үйдегі басқа қажетті шығындарды есептесе, зейнет-ақысы жұмырға жүк болмайтынны анық... Кеңес өкіметі құлап, Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдары қаншама қиындыққа тап келсе де, жолдасы екеуі бірлесіп, шешім тауып жүрген еді. Енді ше?! Айымхан өзінің күн-түн демей жұмыс істеуі қажет екенін түсінді.

Алғашқыда мемлекет тарапынан қарастырылған жетім, мүгедек балалар мен тұрмысы нашар отбасылар үшін берілетін сүт, айран, қаймақ беретін жерге таратушы болып жұмысқа тұрды. Таңғы бестен түнгі екіге дейін жұмыс істеуге тура келді. Ара-арасында үйге жүгіріп келіп, балапандарын тамақтандырып, мектепке баратындарын шығарып салатын... Шаршау дегенді білмеді. Шынын айтса, бір мезгіл тыныстап алуға да уақыты болған жоқ, үш сағат ғана ұйықтағандықтан, денсаулығы сыр бермес үшін қиындыққа қайсарлықпен төзу керектігін, қиын-қыстау уақытта балаларына да, өзіне де тиімді жұмыстың болып тұрғанына тәубе деп жүрді.

ДҰРЫС ШЕШІМ

«Енді не істесем екен» - деп қатты ойланатын болды. Үйге келіп-кетіп, балалардың жағдайын жасап жүріп, табыс табу керек деп түйді. Осы сәтте «Кезінде көк қағазбен жер де алмаған екенмін» - деп өкінді. Отағасы да, өзі де жұмыс істеп жүрген кезде бұл туралы ойланбапты... «Жер - адамды аздырып, тоздырмайды. Еңбек етсең, емерсің»-деген нақыл сөз бекер айтылмаған» деген ой жетелеп, таңертең аудандық



Аты аңызға айналған кәсіпкер ана

өкімшілікке барды.

-Шиттей бала-шағаның бар жауапкершілігі бір өзімнің мойнымда. Аудандық ауруханада акушер болып істеп жүргенде, жерді қажет етпеген екенмін. Маған «көк қағазбен» жер беріңіздерші. Бала-шағаммен еңбек етейін, -деді ауыр күрсініп.

Өкімшіліктегілер көп балалы ана Айымхан Төлегенқызының қазіргі жай-күйіне құлақ асқанымен, мәселесін шешуге келгенде қауқарсыз еді. «Біз Сіздің жағдайыңызды түсініп отырмыз. Бірақ, берілетін жер қалмады... Бүгінде пайдаланылмай шөп басып жатқан жер баршылық... Жалқаулыққа бой алдырған «көк қағаз» иелері жердің де сұрауы барын ұмытқан. Ал, Сізге еңбектенуге жер керек! Көрдіңіз бе, кереғар жағдай. Таудай талаппен келген екенсіз, енді өз қаракетіңізге сеніңіз, -деп шығарып салды...

Шынында да, жан-жағына қараса, жер алғандардың көбісі оны тиімді пайдаланбаған, бос жатқаны көп екен. Пайдаланбай жатқан жердің көбісі 49 жылға жалға алынған.

Сонымен белді бекем буынып, іске кірісті. Алдымен Темірлан, Ленин туы ауылдарына іргелес жатқан «Көктөбе» ауылына ат басын тіреді. Таңертеннен кешке дейін жаулатып жүріп, жер туралы мәліметтер алып отырды.

-Иә, 49 жылға жалға алғанмын, пайдалана алмай отырмын, оған да күш, техника керек екен» дегендер көп болды. Ерінбей жеке-жеке, үйме-үй кіріп шықты. Тікен басып, мал жайылып жүрген жерлерді көріп, іші удай ашыды....

Тіке, мәмілеге көшті. «Жерді маған беріңдер, түскен табыстан жал қаражат беріп тұрамын»-деді тұрғындарға. Келісіммен алғашқыда 30 гектар жер алды. Көгілдір көктем нұрын төккен уақыт еді. Іске кірісіп кетті. Мақта егіп тастады. Маңдай тері босқа кетпеді. Өнім бітік өсті! Бірақ, сол жылдары мақтаның kilosы 5 теңгеден болып қалды... Сатуға да арзымайды. Техника жалдаған, жұмысшылар тартқан, оларға беретін ақша жоқ. Мақта алқабындағы «ақ алтын» терілемей қалды...Бала-шағасымен жабылып жүріп жинап алғандардың мақтасы сарайларда босқа жатты..

Айымхан: «Балалар жас, қайтсем де, бір амалын табуым керек»-деп ойлады. Тағы да үйді-үйді аралап сұрастыра бастады. «Көктөбе», «Ленин туы» (қазіргі Қажымұқан ауылы), «Жусансай», «Аққойлы», «Аманкелді» ауылдары балалары құрастырып берген үш донғалақты мотоциклмен біртіндеп аралап жүріп, сарайларда бекерге тау-тау болып жиналып жатқан ақ мақтаны қарызға алып, артып, үйге таси берді. Жаулығи желбіреп мотоцикл жүргізіп жүргені өрескел болғанымен, сол сәтте өзі үшін тиімдісі осы еді. Содан соң, балаларымен ақылдаса келе арзан бағаға ескі көк жеңіл көлік сатып алды. Жеңіл көлікпен ауыл-ауылды аралап, мақта жинап жүрді.

Айымхан жүк көлігін жалға алып, жиналған мақтаны артып, Шымкент қаласындағы мақта зауытына апарды. Өкініштісі, зауыт та қабылдаған мақтаның ақшасын дер кезінде бере алмайды екен...Енді не істесем екен?»-деп басы қатты.

Осы кезде санасына бір ой қонақтады:

«Қазір қаражат алмаймын, көктемге дейін тай-тай мақта болып, түтіле берсін. Оған дейін әжеттеріне жарата беріңіздер... Ал, көктемде көрпе, көрпешеге салатын мақтаны көктемдегі сол кездегі бағамен алайын»-деп, дереу мақта зауытымен келісімшартқа түрді. Олай етпеске амалы да жоқ еді. «Қыстай үйде жиналып тұрған мақтаның сапасы да төмендеп кетеді... Зауыт айналымға салады, оларға осы тиімді. Ал, маған көктемде мақта егетін кезде қаражат керек»-деп ой түйді.

Көктем де келді. Зауытқа өткізілген мақтаның қаражатын алып, күзде 5 теңгеден сатып алған өнімнің иелеріне беріп, қарыздарынан құтылып шықты. Соңынан сөз ертпеді.

Мақтаның өзіндік құны өте төмен болса да, қайтпады. Тағы мақта екті. Бағасы арзан демеді. Күзде егілген мақтаны түгел жинап алуға шамасы келді. Тағы да «Аққойлы», «Жусансай», «Көктөбе», тағы басқа ауылдардан жалға мақта жинап алды. Ескі көлікті көк москвичке ауыстырды... Сөйтіп Темірлан ауылында москвич жүргізген алғашқы әйел атанды. Жеңіл көлік қана емес, комбайынға отырып, өнім жинады. Жүк таситын көлікті де жүргізді. Атқа мініп, плантацияны аралап келетін...

Темірланда алғашқы кәсіпкер әйел атанды.

АЙЫМХАН АНА ІСТІ КӨЗІН ТАПТЫ

Уақыт өте берді. Бастаған істі орта жолда қалдыру - Айымхан Төлегенқызына жат нәрсе. Кешқұрым ертеңгі атқарылатын тірлікті жоспарлап қояды. Кешке орындай алмағандарын келесі күні бірінші жүзеге асыру үшін жоспардың басына жазып қояды. Бұл- жұмыстың жандана түсуіне ықпал етті. Істің көзін тапқан кәсіпкер ана мақта егумен бірге, қауын-қарбыз өсіруге де ден қойды. Бірақ қауын, қарбызды егіп, күтіп баптап, жақсы өнім алғаннан кейін оны тиісті орынға жеткізіп, сатудың машақаты көп болды. Аудан бойынша қауын-қарбыз еккен отбасылар көбейіп, арзымайтын ақша алып, өнімді алып-сатарларға беруге мәжбүр болды. Енді бірі қауын-қарбыз екпейтін жаққа апарып сататын Қамаз жүргізушілерге тәуелді болып жатты...

Күйеуі қайтыс болғанда екі жасар болып қалған кенже ұлы Нұрғали Шымкенттегі «Дарын» мектеп-интернатында жатып, оқып жүрген. Жазғы каникул кезінде қауын-қарбыз піскенде, Нұрғалидың өз келісімі бойынша қауын-қарбыз артылған Қамаз жүргізушісінің жанына отырғызып, сонау Көкшетауға, тағы басқа қалаларға жөнелтіп жүрді. Қаршадай баланың мұндай іске икемі бар еді. Мектеп оқушысы болса да, бірдей кәсіпкердің міндетін атқарып, қауын-қарбызды сатқаннан түскен қаржыны шашау шығармай, анасының қолына салуға өбден машықтанып алды. Ол кезде дихандардың көпшілігі Қамазға қауын-қарбыз артып жіберетін де, келген соң жүргізушіден тиісті қаржыны алып жататын. Айымхан олай етпеді... Бала-шағасының маңдай тер төгіп өсірген өнімін неге біреуге артып жібереді екен?! Нұрғали: «Мама, Көкшетауға өзім барып келемін!» дегенде, еңбекпен есейген перзентінің еңбексүйгіш азамат болып өсіп келе жатқанына қуанды. Нұрғали мектепті бітірген соң жоғары оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шықты. Бірақ, қаладан қызмет іздемеді. Анасына көмектесу-басты мақсаты болды.

Бірде дастархан басында отырғанда Нұрғали: -Мама, мен сіздің кәсібіңізді жалғастырайын. Денсаулығыңызды күтіңізші. Сіз біздің нар тұлғамысыз. Қасыңызда боламын, шаршамаңыз. Басшылық жасап отырыңыз, өзім ісіңізді жалғастырамын,-дегенде Айымхан қуаныштан жанарына жас алды.

Нұрғалидың мінезі орысшалау... Кішкентайынан қалада, «Дарын» мектебінде оқыды. Әйтсе де, анасы жұмыстан шаршап келгенде қас-қабағына қарап отырады. Аяулы жанның перзенттері үшін шыбын жаны шырқырап жүргенін іштей түсінеді. Ал, қалада оқып, Алматыда жоғары оқу орнын бітірсе де ауылда, қасында қалып, ізбасары болғысы келген ұлына Айымханның ризашылығы шексіз. Нұрғали жоғары білімді болған соң салық төлеу мәселе-

сін де тез меңгеріп алды. Бәрін уақтысында жасайды.

«Бірліктің түбі-береке». Балалары шетінен еңбексүйгіш. Қолынан келсе көмектерін аямайды. Өйткені, олар аналарының таңның атысы мен күннің батысында тыным таппай жүріп еңбектенгенін көріп өсті. Құдайға шүкір. Бүгінде Темірлан ауылында «Ай» мейрамханасы, «Ай» моншасы, «Ай» дүкені –Айымхан Төлегенқызының маңдай терінің жемісі. Тойхана, монша, дүкен жұмыстарына Нұрғали көмектеседі. «Нұрғали - болашақта нағыз орнымды басатын ұлым!» деп кәсіпкер ана қуанып отырады.

Қызы Көмиланың алты перзенті бар. Шымкентте жұмыс істейді. Бала күту демалысында отырғанда, демалыс күндері анасының жанынан табылып, тойхана жұмысына көмектеседі. Тойхананың бар есеп-қисабы-Көмиланың мойнында.

Күйеу баласы Бақытжан Ордабасы аудандық ішкі істер бөлімі бастығының орынбасары болып істейді. Подполковник. Тойхана жұмысы кешке қызады. Оны жақсы түсінетін күйеу баласы екі жұмыстың да көзін тауып жүрген келіншегіне дән разы.

Тұңғыш ұлы, облыстық мәслихат депутаты Уәлихан Рысбекұлы бауыры Нұрғалимен бірге жылыжайды салуға атсалысты. Уәлихан қаржылай да көмектесті. Әрі жылыжай салатын шеберлерді Сарыағаштан жеткізді. Қажетті заттарды әкелуге көмектесумен бірге, жылыжай жұмысын жүргізіп отырған ең кішкентай бауыры Нұрғалиға анасымен бірге бағыт-бағдар беріп отыруға да уақыт табады. Айымхан ана халық қалаулысы әрі басшылық қызметте жүрген ұлына салмақ салғысы келмей, жұмыс ауқымының көбісін өз мойнына алған сәтте Нұрғали:

-Ағатайым, үлкен отбасының отағасы, халық қалаулысы, басшы. Бізге ақыл-кеңес беріп отырса да жарайды. Сіздер шаршамаңыздар. Мен жасыпн гой. Қамқорлық көрсету-перзенттік парызым ,-дегенде, мұны естіген Уәлихан «Өкем өмірден озғанда екі жасқа енді келген бауырым оңды-солын танып қана қоймай, істің көзін тауып жүрген анашым қамқор болып өсіп келеді!»-деп тебіренді.

-Нұрғали жылыжайда оралмандармен бірге істейді. Оралмандар еңбекқор, несін жасырайын, жергілікті халық жалқаулау гой. Өзбекстаннан келгендер жан-тәнімен еңбек етеді. Олардың еңбекке деген ынта-ықыласына ризамын. Жылыжайда жұмыс істейтіндердің көбісі Темірлан ауылына көшіп келгендер, ал, науқан кезінде Шұбарсудан да көмекке келеді. Кешке қолма-қол ақша алатын болғандықтан, жылыжайда еңбек ететіндер жұмыстан қалмайды, Олар ақша тапқанына мәз, ал біз жылыжай жұмысының сапалы атқарылып жатқанына, өнімінің молайғанына дән ризамыз,-дейді Айымхан Төлегенқызы Рахиева.

«Өке көрген –оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, бүгінде үкілеп өсіріп, ұзатқан қыздарының бәрі қалада зырылдатып көлік айдап жүр. «Өзіме тартқан»-деп қуанып отырады Айымхан ана.

Кәсіпкер ананың қол жеткізген жетістіктері аудан, облыс, республикаға танымал. Сый-құрметі бар, ордабасылықтар Айымхан Рахиеваны «Ай апа» деп атап кеткен, енді Меккеге барып, үлкен қажылықты өтеп келген соң «Қажы Ай апа»-деп құрмет тұтады.

Не көрген жоқ, қиындық бастан өтті. Қазір кісілік жасамайды. Тұңғыш кәсіпкер ана атанды. Балалары ержетті. Бірақ, сол кішілік, кішілік күйінде қалды. Ең бастысы- қолындағы жұмысшылармен тең сөйлеседі. Өйткені, өзі де солар сияқты болған... Жетім-жесірге көмектесіп, Қажылыққа барып келгені де - осы пейілінен. Алақанын жайып, Алладан балаларының, елінің амандығын тілеп, Намаз оқып отырады.

КЕНЖЕ КЕЛІН АЛТЫН БОСАҒА АТТАДЫ

Жақында Айымхан ананың кенже ұлы, ізбасары Нұрғалиы үйленді. Алтын босағаны алтын асықтай келін аттады. « Ендігі мақсатым- кенжемді аяқтандыру»-деген ананың қуанышында шек жоқ. Келіндерін алақанына салып мәпелеу-Қажы Ай апаның ұстанымы. «Сыйға-сый, сыраға-бал» демекші келіндері де бүкіл ел қадірлеп отырған ежелеріне иіліп сәлем салып, құрақ ұшып құрметтейді.

Қиын-қыстау уақыт артта қалды. Немерелері жан-жағынан қауымалап, шаршағанын басады. Бүгінде : «Ұрпағымен мың жасайтын ана кім?- десек, ол- Ай апа, Қажы Ай апа деген жауап аламыз. Аудан басшылары: «Кейбір ер адамның қолынан келмейтін тірлікті жандандырдыңыз. Сізге мың алғыс!»-деп сый-құрметін аямайды. Аудандағы жақсы істер, жиын Айымхан анасыз өтпейді. Бұл қиындыққа қайсарлықпен қарсы тұра білген қажырлы ананың еңбегінің жемісі.

Иә, оқырман, бұл-бүгінгі біздің өңгімімізге арқау болған. мықты кәсіпкер, көп балалы «Батыр ана» Айымхан Рахиеваның өмір белестерінің бір ғана көрінісі.

Алдағы кезде ол кісі туралы тағы да қалам тартатынымыз анық. Өйткені, мұндай аты-жөні алтын өріппен жазылатын Ана ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге болып қана қоймай, аты аңызға айнала беретіні –өмір заңдылығы.

Шаһаризада ДӘНЕЕВА.

42 500 теңгені КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?

Бұған дейін төтенше жағдайға байланысты төленетін әлеуметтік жәрдемақыны, яғни 42500 теңгені табысынан айырылғандар мен ақысыз еңбек демалысына жіберілгендер ғана алатын болған.

Енді бейресми жұмыс істейтіндер, яғни еш жерде тіркелмегендер, ресми тіркелмегендер де 42 500 теңгеден құр қалмайды. Тақси қызметін көрсетуші, бала күтушісі, онлайн сабақ беретін мұғалім, үйде отырып әртүрлі қызмет түрлеріне тапсырыс қабылдайтын фрилансер, тіпті, нотариус пен адвокат та жәрдемақы алуға өтініш бере алады. Сонымен қатар, 1,2,3, топтағы мүгедектер де тапсыра алады. Бұл туралы газет тілшісіне Шымкент қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығының баспасөз қызметі бөлімінің басшысы Дәурен Дүйсебаев айтып берді.

Оны алу үшін зейнетақы жарнасы тұрақты түсіп тұрмаса да, 1 айға бірыңғай жиынтық төлемін төлеу керек. Яғни, ЕСП (единный социальный платеж). Бірыңғай жиынтық төлемінің ай сайынғы мөлшері қаладағыларға – 2651 теңге, ауылдағылар үшін – 1325 теңге. Жиынтық төлемді үйде отырып, онлайн төлеудің еш қиындығы жоқ. Қазір екінің бірінде смартфон бар. Кез-келген смартфон бар азамат өзі пайдаланатын банк картасындағы қаржы айналымын бақылап отыратын банктерінің мобильді қосымшалары арқылы, банктер мен «Қазпошта» бөлімшелерінде төлеуге болады.



PRIMEMINISTER.KZ
42500 ТЕҢГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ АЛУ ҮШІН ӨТІНІМ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БОТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
Ол үшін Telegram мессенджеріне кіріп, іздеу жолағына @Help42500Bot деп жазып, «Start» батырмасын басы қажет

ҚЫЗМЕТКЕР ҮШІН:

1. ҚЫЗМЕТКЕР БАТЫРМАСЫН БАСУ
2. ӨЗІНІҢ ЖСН ЕНГІЗУ 820215350XXXX
3. ЖҰМЫС ІСТЕГІН ҮЙІМНІҢ БСН-ЫН ЕНГІЗУ 0007400XXXXX
4. ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА АДРЕСІН ЕНГІЗУ
5. ТЕЛЕФОН НӨМІРІН +770120808XX ЕНГІЗУ
6. БАНКТІК ШОТ НӨМІРІН KZ69601000200127XXXX ЕНГІЗУ IBAN
7. ӨТІНІШТІ РАСТАУ
8. БҰДАН KEЙІН КЕЛЕСІ МАЗМҰНДА ХАБАРЛАМАЛАР КЕЛЕДІ:
 - ✓ СІЗДІҢ ӨТІНІМІҢІЗДІҢ ҚАБЫЛДАНҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ
 - ✓ СІЗДІҢ ӨТІНІМІҢІЗДІҢ ТІРКЕУ НӨМІРІ
 - ✓ СІЗДІҢ ӨТІНІМІҢІЗДІҢ ӨНДЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ ЖАУАП

(ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі)

Сондай-ақ, 5505 нөміріне қала тұрғындары латын әріптерімен «gorod ESP» деп хабарлама жазып, ЖСН белгілейді, ауыл тұрғындары «selo ESP» деп ЖСН белгілейді, яғни хабарлама жолдай алады екен.

Төтенше жағдай кезеңінде қызметінің шектелуіне байланысты кірісінен айырылуына байланысты әлеуметтік төлем ала алатын санаттардың қатарын толықтырсақ. Атап айтқанда, олардың қатарына жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген шағын және орта кәсіпкерлік нысандардың жұмыскерлері, карантин енгізілген елді мекендердегі ірі кәсіпорынның жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген қызметкерлері, жалдамалы еңбекті қолданбайтын дара кәсіпкерлер, жеке практикамен айналысатын адамдар, келісім-шартпен негізінде қызмет көрсететін, салық агенттері олар үшін міндетті зейнетақы жарналарын төлеген жеке тұлғалар, мемлекеттік ұйымдардан басқа, коммерциялық емес ұйымдарға жататын жалақысы сақталмайтын демалыста жүрген жұмыскерлер жатады.

Заң талаптарына сәйкес БЖТ төлеушілерді қоспағанда, төтенше жағдай енгізілген күнге дейін он екі ай ішінде міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуының бір де бір ай өтілі жоқ азаматтарға, өтініш берген күніне дейін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысуының бір де бір ай өтілі



PRIMEMINISTER.KZ
42500 ТЕҢГЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ АЛУ ҮШІН ӨТІНІМ БЕРУГЕ АРНАЛҒАН БОТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ
Ол үшін Telegram мессенджеріне кіріп, іздеу жолағына @Help42500Bot деп жазып, «Start» батырмасын басы қажет

ӨЗІН ӨЗІ ЖҰМЫСЫМЕН ҚАМТУШЫ:

1. ӨЗІН ӨЗІ ЖҰМЫСЫМЕН ҚАМТУШЫ БАТЫРМАСЫН БАСУ
2. ӨЗІНІҢ ЖСН ЕНГІЗУ 820215350XXXX
3. ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТА АДРЕСІН ЕНГІЗУ
4. ТЕЛЕФОН НӨМІРІН +770120808XX ЕНГІЗУ
5. БАНКТІК ШОТ НӨМІРІН KZ69601000200127XXXX ЕНГІЗУ IBAN
6. ӨТІНІШТІ РАСТАУ
7. БҰДАН KEЙІН КЕЛЕСІ МАЗМҰНДА ХАБАРЛАМАЛАР КЕЛЕДІ:
 - ✓ СІЗДІҢ ӨТІНІМІҢІЗДІҢ ҚАБЫЛДАНҒАНДЫҒЫ ТУРАЛЫ
 - ✓ СІЗДІҢ ӨТІНІМІҢІЗДІҢ ТІРКЕУ НӨМІРІ
 - ✓ СІЗДІҢ ӨТІНІМІҢІЗДІ ӨНДЕЛГЕНІ ТУРАЛЫ ЖАУАП

(ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі)

жоқ адамдарға БЖТ төлеушілерге, төтенше жағдай енгізілген күнге дейін он екі ай ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысуының бір де бір ай өтілі жоқ АҚС бойынша кіріс алатын жеке тұлғаларға әлеуметтік төлем тағайындалмайды.

Әлеуметтік төлемге өтінімді электронды түрде бересіз. Яғни, онлайн. Ол үшін 42500.ENBEK.KZ сайты жұмыс істеп тұр.

Одан бөлек, egov.kz сайты бар. Әр өңірге арналған жеке Телеграм БОТ іске қосылды.

Айта кету керек, электронды өтінішке тек қана өзіңіз туралы мәліметті, жеке ИИН номеріңіз бен карталық есепшотыңызды (20 сандық есеп шот) енгізесіз.

«Банкте шоты жоқтар не істейді?», - деген сауалға да Дәурен Дүйсебаев кеңінен жауап берді. Кейбір қазақстандықтардың банктік карталары мен шоттары болмаған. Ал 42 500 теңгеге өтінім беру кезінде шотты көрсету міндетті болған. Адамдардың банк алдына көптеп жиналуын болдырмау үшін Еңбек министрлігі өтінім формасына өзгеріс енгізуге шешім қабылдаған. Енді бастапқы өтініш тапсыратын кезде карта шотын, яғни жиырма сандық шотты

көрсетпеуге болады. Егер мемлекет азаматқа төлем беруге шешім шығарса, онда оған өзінің банктің шотын сұраған СМС хабарлама келеді. Мемлекет шоттың ашылуын бір ай күте алады.

Тағы бір енгізілген өзгеріс – декретте отырғандардың да 42500 тг. алуға мүмкіндігі бар.

42500 теңгеге декретке шыққанына бір жыл толған әйелдер өтініш бере алады. Мәселен, Сіз декретте отырсыз. Балаңыз бір жасқа толып қойды. Жұмысқа шығуыңыз керек. Алайда қазір жұмыс жоқ. Не істейсіз? Бірыңғай жиынтық төлемді төлейсіз. Яғни, қалада тұрсаңыз 2651 теңге, ауылда тұрсаңыз – 1325 теңге. Сөйтіп, сөйтіп арнайы сайтқа кіріп. Өтінім жолдайсыз.

Жалпы елімізде енгізілген төтенше жағдайға байланысты Egov.kz сайтындағы консультанттардың саны 200-ден 2 000-ға дейін артты. Бұл туралы мемлекеттік комиссияның шұғыл штабы хабарлады. Күн сайын 1414 нөміріне 400 шамасында қоңырау келіп түседі. Сураныс аса жоғары болған уақытта 600 мыңға дейін қоңырау тіркелді. ТЖ режимі енгізілген сәттен бастап 4 млн-нан астам азаматқа кеңес берілген. Осы уақыт аралығында жеке тұлғалар 85 441 ЭЦҚ қашықтан алып үлгерсе, Қазақстан азаматтарының шамамен 10 млн ЭЦҚ тіркеген. ТЖ режимі енгізілген сәттен бастап, 800 оператор мемлекеттік қызметті көрсетуге кірісті. Қазіргі таңда электронды үкімет порталының жұмысы тұрақтанды, қосымша шаралар орындалды.

Азаматтардың электронды үкімет порталына жіберген өтініштері 1-2 күн ішінде қаралады. ЭЦҚ алмау үшін жұмыс режимін жеңілдету мақсатында азаматтарға қызметтерге қол жеткізу үшін бір реттік құпия сөз беріледі. Электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) Egov.kz интернет-порталынан беттік биометриялық индикациясы және бір реттік құпия сөзді енгізу арқылы алуға болады. Бұл жаңа тетік бүгінде іске қосылған. Соңғы мәліметтерге сәйкес, жеке тұлғалар 85 461 ЭЦҚ және заңды тұлғалар 900-ден астам ЭЦҚ-ны ешқайда бармай-ақ, қашықтан алған.

Ал, Түркістан облысында төтенше жағдай кезінде табыстың жоғалуына байланысты жәрдемақы алу үшін 1400-ге жуық азаматтар өтініш түскен. Оның 88-і жұмыс беруші 538-і жұмысшылар. Жалпы түскен өтініштердің 484-і Мемлекеттік корпорацияға жіберілді, ал 794 өтініш кері қайтарылған. Бұл туралы Түркістан облысының өңірлік коммуникациялар қызметі ақпарат берді.

Бұдан басқа, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан белсенді режимде 6321 адамға жәрдемақы тағайындалса, облыс бойынша барлығы 6530 өтініш берушіге әлеуметтік төлем тағайындалып отыр.

Дайындаған: Салтанат ТОЙБОЛОВА

Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері Төлебаев Әбдіманап Қошқарұлы «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандығы Заңына Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы № 285 Жарлығына, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-1-бабы 1-тармағы 13 тармақшасына, Шымкент қаласы бойынша төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі өңірлік комиссияның 01.04.2020 жылғы №8 хаттамасына сәйкес, азаматтардың өмірі мен денсаулығын қорғау, коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына жол бермеу, сондай-ақ, Шымкент қаласында коронавирустық инфекцияның анықталу жағдайларының ұлғаюына байланысты, Қаулы етеді:

1. Шымкент қаласының барлық аумағында 2020 жылдың 04 сәуірі сағат 21:00-ден Қазақстан Республикасындағы төтенше жағдай аяқталғанға дейін карантин енгізілсін.

2. Карантин кезеңінде тоқтатылсын:

2.1. Осы Қаулының №1 қосымшасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыратын ұйымдарды қоспағанда, барлық ұйымдардың (меншік түріне қарамастан) қызметін;

2.2. Қоғамдық орындардың жұмыс істеуі: саябақтар, скверлер, жағалаулар, балалардың көшеде ойын алаңдары және азаматтардың басқа да демалыс орындары.

3. Осы Қаулының №2, №3 қосымшаларына сәйкес азаматтарды, ұйымдарды қоспағанда, азаматтардың (оның ішінде жаяу тәртіппен) және көлік құралдарының барлық түрлерінің Шымкент қаласына кіруіне және Шымкент қаласынан шығуына тыйым салынсын.

4. Шымкент қаласында қоғамдық көліктің жұмыс кестесі сағат 07:00-ден 19:00-ге дейін белгіленсін. Маршруттары шағын автобустар уақытша автобустарға ауыстырылсын.

5. Шымкент қаласының әкімдігі коммуналдық

Шымкент қаласының аумағында коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралуына жол бермеу жөніндегі шаралар туралы

ҚАУЛЫ

және әскери қызметтерді тарта отырып, 2020 жылғы 5 сәуірге дейін қоғамдық көлікті, аялдамаларды қоса алғанда, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып қала аумағын өңдеумен толық қамтуды және көрсетілген жұмыстарды карантин аяқталғанға дейін күн сайын жүргізуді қамтамасыз етсін.

6. Барлық мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, мекемелердің, ұйымдардың, кәсіпорындардың қызметкерлері, сондай-ақ Шымкент қаласының тұрғындары мен қонақтары үнемі қорғаныс беттерде киюге міндетті.

7. Банк филиалдарының, коммуналдық, телекоммуникациялық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдардың басшыларына, сауда және басқа да ұйымдарға:

- банктіктердің ғимараттары мен мекемелерінде, бөлімшелерінде, төлем қабылдайтын орындарда, кассаларда қызметкерлер мен клиенттердің (пирометрлермен, портативті тепловизорлармен) температурасын өлшеуді міндетті түрде сақтауды, кезектерде (1,5 метрден кем емес) ара-қашықтықты сақтауды, маскалық режимді, дезинфекциялық іс-шараларды жүргізумен және төтенше жағдай режимі кезінде қабылданған өзге де санитариялық талаптарды сақтай отырып, халықты тиісінше қабылдауды ұйымдастыру.

- үй-жайлардың ішінде және іргелес аумақтардың ішінде банкоматтар, кассалар мен сауда нүктелерінің жанында ұйымдастырылмаған кезектердің болуына жол бермеу.

8. Келесі жағдайларды қоспағанда, карантин кезеңінде Шымкент қаласының аумағында адамдар мен жеке көліктің қала бойынша қозғалуына аса қажеттілік болмаған жағдайда шектеу енгізілсін:

8.1. Осы Қаулының №1 қосымшасына сәйкес

кәсіпорындар қызметінің түрін көрсете отырып, жұмыс орнынан анықтама (немесе қызметтік куәлік) болған кезде тұрғылықты жерінен жұмыс орнына дейін және кері қарай жүріп-тұру

8.2. Тұрғылықты жерлер немесе жұмыс орнына тікелей жақын орналасқан дүкендерде және дәрханаларда азық-түлік тауарларын бірінші кезекте қажетті тауарларды, дәрілік препараттарды және медициналық бұйымдарды сатып алу;

8.3. Шұғыл жағдай бойынша медициналық мекемеге шығу;

8.4. Үй жануарларын тұрғылықты жеріне жақын жерде серуендету (радиусы 500 метрден аспайтын);

9. Шымкент қаласының аумағында карантиннің және төтенше жағдайдың әрекет ету кезеңінде 55 жаспан асқан адамдарға аса қажеттіліксіз көшпеге шығуға шектеу ұсынылсын.

10. Осы Қаулының №1 қосымшасына сәйкес қызметін жүзеге асыратын ұйымдар (меншік түріне қарамастан) қызметкерлерді жұмыс орны туралы анықтамалармен қамтамасыз етсін.

11. Сауда желілері, азық-түлік базарлары, гипермаркеттер, супермаркеттер мен ірі азық-түлік дүкендері, азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті тауарларды сататын сауда орталықтарындағы дүкендерге (көп қабатты үйлер мен тұрғын алаптарында орналасқан дүкендерді қоспағанда) жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін белгіленсін.

12. Көп пәтерілі тұрғын үйлер мен тұрғын үй алаптарында орналасқан азық-түлікпен және бірінші кезекте қажетті тауарлармен байланысты дүкендерге жұмыс кестесі сағат 10:00-ден 21:00-ге дейін белгіленсін, сонымен қатар ғимаратта бір мезгілде 3 тұтынушыдан артық болмауы тиіс.

13. Төтенше жағдайға байланысты карантин кезінде, Шымкент қаласының аумағында жаңуалық (туылған күн, үйлену тойы, құдалық, т.б.) 3 адамнан артық жиындарға тыйым салынсын.

14. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің (мейрамханалар, дәмханалар, барлар, асханалар және басқалары) қызметі жеткіз кезінде санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды сақтай отырып, сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін онлайн тапсырыстарды қолдана отырып, сондай-ақ дайын өнімді дайындау орындарында мынадай талаптарды сақтай отырып, тамақтарды үйге жеткізу режиміне көшірілсін:

- персоналдың жұмыс кезінде арнайы киімді, бір рет қолданылатын қолғаптар мен маскаларды пайдалануы (маскаларды 3 сағатта 1 реттен кем емес ауыстыру);

- жіті респираторлық жұқпалар көрінісі бар (жоғары температура, жөтел, тұмау) қызметкерлерді жұмысқа жібермеу;

- жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (немесе кемінде 6 сағаттан кейін) ескі тұлғаларын, дүңқаларды, стеллаждарды дезинфекциялайтын салфеткалармен (немесе дезинфекциялайтын құралдардың ерітінділерімен) сүрту арқылы дезинфекциялайтын құралдарды қолдана отырып үй-жайларды жеңдету және ылғалды тазалау.

15. Шымкент қаласының полиция департаментіне:

15.1. Төтенше жағдай мен карантин қолданылатын кезеңде белгіленген жоғарыда көрсетілген талаптарды бұзу немесе орындамау анықталған кезде тиісті әкімшілік шаралар қолдану;

15.2. Азаматтардың қоғамдық орындарда, саябақтарда, скверлерде, жағалауларда, көше, балалар ойын алаңдарында және азаматтардың өзге де демалыс орындарында болуына жол бермеу

Газет тарайтын облыстар мен қалалар:

Нұр-Сұлтан, Ақмола, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақсай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облысы, Жамбыл, Қызылорда, Қостанай, Көкшетау, Семей, Павлодар, Талдықорған, Қарағанды, Төменгі, Шымкент.

Жазылу
индексі

65836

16+

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «Айғақ» Баспа үйі» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ф.Ляев көшесі, 29.

Талпырыс:
№58

Номердің кезекші редакторы - Әкерке Исмаинова

Редакция авторлар мақаласы мен көзқарасына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Автор қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. «Айғақ» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

АЙҒАҚ
MEDIA
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде, Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылдың 5 қаңтарда есепке қойылып, №10617-Г тіркеу куәлігі берілген.

НАРҚАСҚА АЗАМАТ ЕДІ...

Ақын Аманхан Әлімұлының дүниеден өткендігі туралы суыт хабарды естігенде көңілден тағы бір жарық жұлдыз сөнгендей болды. Биыл 68 жасқа толған ақын Отырардың төл перзенті болатын.

Ол 1952 жылы 20 қаңтарда Қожатоғай ауылында туған. 1969 жылы аталған ауылдағы Аманкелді атындағы орта мектепті бітірген. 1980 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика, 1993 жылы Мәскеудегі Бүкілодақтық М.Горький атындағы әдебиет институтының жоғары курсы бітірген. Бірнеше жыр жинақтарының авторы. Оның ішінде «Кездесу» (1983), «Жанымның жапырағы» (1989), «Ай нұры алақанымда» (1996) секілді өлең кітаптары да бар.

Аманхан Әлімұлы Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, М.Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты, «Оңтүстік Қазақстанға Еңбегі сіңген» медалімен, сондай-ақ «Жандос» атындағы сыйлықтың иегері, «Ұлт патриоты» грамотасымен марапатталған. Арыс қаласының Құрметті азаматы болатын.

Белгілі журналист, публицист, танымал ақын, «Құрмет» орденінің иегері Аманхан Әлімұлы өткен жылдың күзінде телефон соғып: «Дулатжан, оңтүстік астанада қазақ тілі ақпарат құралдары журналистерінің арасында шахматтан жарыс өткізгелі жатырмын, қолдау көрсетсең болар еді», - деді. Мен ол кісіні қатты құрмет тұтатындықтан, бірден келісім беріп, қолдау көрсеттім. Бірақ Медиа құрылтайда



жүргендіктен, жеңімпаздарды марапаттауға қатыса алмадым. ізімнен он жас үлкен ағатайыммен журналистика саласындағы марапат жолдарымыз түйісіп жүруші еді: Арыс қаласының «Құрметті азаматы» атағын бірге алдық, Алматы қаласында «Қазақстан журналистикасының қайраткері» атағын бірге иелендік. Жаны таза, кішіге қамқор көңілмен әр сәтті қадамыма қуанып жүретін ақкөңіл ағаны ақынға көрсететін құрметіммен жаным жақын тарттым.

«Аманхан Әлімұлы мезгілсіз өмірден озды» деген суық хабар жеткенде, жаным жабырқады.

Арыстай азаматты аға тұтып, қаламы қарымды журналист, шынайы публицист, ақын ретінде қадір тұтушы едім. Амал қанша...

Танымал журналист, публицист, ақын, «Құрмет» орденінің иегері Аманхан Әлімұлының мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты, марқұмның отбасына, туыстарына, бауырларына, ағайын-жегжаттары мен достарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамын.

Топырағы торқа, жаны жәннатта, жатқан жері жайлы болып, соңында қалған үрім-бұтақтары өсіп-өнсін!

Дулат ӘБІШ,

Қазақстан Журналистика

академиясының академигі, Түркістан

облыстық мәслихатының депутаты,

«Айғақ» Телерадиокомпаниясының басшысы,

Шымкент қаласы.

ҚР БЖҒМ 03.02.2010 ж. №АБ 0137355 мемлекеттік лицензия берілген

БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - бай дәстүрі бар, көп жылдық оқу және ғылыми жұмыс тәжірибесі бар университет.

ҚазҰУ кішкентай қала сияқты. Оның өз аумағы, өз ережелері, мерекелері және дәстүрлері; өзінің демалу және спортпен айналысатын орындары бар.

Университетте жоғары білікті мамандар даярлауға, әлемдік білім кеңістігіне одан әрі интеграциялануға, іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға және оларды өндіріске енгізуге бағытталған үлкен білім беру, ғылыми, рухани-ағартушылық, инновациялық және өндірістік әлеует бар.

Осы жылдың қаңтар айында университет 86 жасқа толды, бұл біздің халықаралық бәсекеге қабілеттілік деңгейін және заманауи ішкі және жаһандық экономиканың талаптарын көрсетуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда ҚазҰУ Қазақстан мен ТМД университеттері арасында ғана емес, сонымен қатар халықаралық рейтингтерде де көшбасшы орынға ие. Ғылыми және инновациялық зерттеулерді дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылуда.

ҚазҰУ қабырғасында жетекші шетелдік университеттердің шетелдік профессорлары дәрістер оқиды. Олардың барлығын университет әрқашан таң қалдырады және олар ҚазҰУ кампусын қатты ұнатады. ҚазҰУ студенттік қалашығының Қазақстанда теңдесі жоқ. ТМД елдерінде мұндай кампустар көп емес. ҚазҰУ қалашығының эстетикалық келбеті, заманауи оқу корпусы, ҚазҰУ студенттерінің жалпы мәдениеті әсер қалдырады.

Университет өзінің миссиясын тек білім беру мекемесі ретінде қолда бар білімді беруде ғана емес, сонымен қатар ғылым жетістіктеріне негізделген жаңа білімді қалыптастыруда көреді. Бұл тәсілмен ғылыми ізденіске тек оқытушылар ғана емес, сонымен қатар университеттің көптеген студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысады. Университет инновациялық дамудың заманауи технологиялары студенттерге әлі оқып жүргенде және тәжірибелік сабақтардан өткенде оқытылатындығына сенімді. Университет қабырғасында студенттердің инновациялық жобалары сәтті жүзеге асырылуда.

Қазіргі уақытта жоғары кәсіби білім берудің көпдеңгейлі жүйесі бойынша университетте 25000 студент білім алуда. Оларға 2000-нан астам профессорлар, докторлар, ғылым кандидаттары мен философия докторлары, 100-ден астам ірі академиялардың академиктері, 30-ға жуық Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткерлері, 30 Мемлекеттік және жеке сыйлықтардың лауреаттары және 40 жас ғалымдардың сыйлықтарының лауреаттары, 45 мемлекеттік ғылыми стипендия иегерлері дәріс береді.

Білім экономикасын дамытуда елдің жоғары оқу орындары үлкен рөлге ие. Қазақ ұлттық университеті - бұл жоғары білім мен ғылымды басқарудағы жаңа тәсілдер мен жаңа әдістер өзіндік негізгі «оқыту алаңы».

Біздің университет тек оқуға келетін жер емес. Университеттің ерекше табиғаты бар. Мұнда оқу да, өмір де бірдей маңызды.

А.АСИЛОВА,

Өл-Фараби атындағы

ҚазҰУ Қаржы және Есеп

кафедрасының оқытушысы,

Э.Ғ.К.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы ақын **Аманхан Әлімұлының** қайтыс болуына байланысты туған туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Республикалық «Айғақ» газеті мен «Айғақ» телеарнасының ұжымы Түркістан облыстық мәслихатының депутаты **Әсет Қайыпбековтің** анасы **Айша әжейдің** қайтыс болуына байланысты туған туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Открылось наследство

*** Умер Малкин Виктор. Дата смерти 16.10.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент ул. Джангельдина дом №13. Тел: 8701-789-16-01

*** Умер Пыриков Андрей. Дата смерти 24.08.2002. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбеков Р.С. г. Шымкент м/н 16 дом 10 кв 51. Тел: 8707-777-60-63

*** Умер Махамедов Улутбек. Дата смерти 13.01.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи А.Р. г. Шымкент ул. Джангельдина дом №13. Тел:8701-789-16-01

*** Умер Шумаков Виктор. Дата смерти 22.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Сапарғалиева Ш.Б. г. Шымкент ул. Ильева дом 2кв 19. Тел:8701-655-06-70

*** Умерла Иванова Нина. Дата смерти 11.10.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Назарбеков Р.С. г. Шымкент м/н 16 дом 10 кв 51. Тел:8707-777-60-63

*** Умерла Нам Валентина. Дата смерти 23.09.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Дуйсембекова Ф.А. г. Шымкент ул, Елшимбек батыр 88. Тел:8702-146-22-74

*** Умер Пахомов Виктор. Дата смерти 17.01.2012. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Исабекова Д.Д. г. Шымкент, 15мкр, ул.Ж.Шаяхметова №7. Тел: 8702-311-08-88

*** Умер Середа Анатолий. Дата смерти 02.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кольменов Д.Т. г. Шымкент 16мкр дом 42. Тел: 8707-228-08-55

*** Умерла Середа Ольга. Дата смерти 21.09.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кольменов Д.Т. г. Шымкент 16мкр дом 42. Тел: 8707-228-08-55

*** Умер Токжигитов Рахат. Дата смерти 06.03.2020. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мырзақұл Р.С. г. Шымкент ул. Алдиярова дом №95. Тел:8702-721-90-98

*** Умерла Маркина Екатерина. Дата смерти 22.01.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Палачева М.В. г. Шымкент ул. Турысова 51.

Тел:8705-705-34-43

*** Умер Абдиқаримов Абдиманап. Дата смерти 22.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Дауылова Ж.А. г. Шымкент, мкр Нурсат, дом 166, офис 13. Тел: 8 701-749-71-48

*** Умер Егоров Дмитрий. Дата смерти 03.08.2001. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Тойчи Анвар. г. Шымкент, ул. Джангельдина 13. Тел:8705-758-88-08

*** Умер Азимбаева Гайша. Дата смерти 08.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Аширкулов С.Б. г. Шымкент Каратауский Цон мкр, Нурсат. Тел:8702-552-71-77

*** Умер Шалагин Сергей. Дата смерти 14.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турапбаева Б.У. г. Шымкент мкр, Восток дом 46. Тел: 8 775-833-03-04

*** Умер Абдыкалыков Мусир. Дата смерти 14.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Ургешбаева Р.О. г. Шымкент ул. Желтоқсан. Тел:8702-253-49-23

*** Умер Туменбаев Нускау. Дата смерти 22.11.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Бейсенбаева Р.У. г. Шымкент ул. Аскарова дом 3. Тел:8777-094-27-44

*** Умер Абилкасимов Балтабек. Дата смерти 31.01.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Мамырбаева А.У. г. Шымкент ул. С.Байтерекова, 139. Тел:8775-35271-88

*** Умерла Ахенбекова Салтанат. Дата смерти 28.09.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Кемелова А.С. г. Шымкент ул, Ильяева 17-а. Тел:8701-716-27-81

*** Умер Темирбеков Бекембай. Дата смерти 20.01.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Турсынбаев К.С. г. Шымкент ул, Елшимбек батыр 116/1, офис 3. Тел:8702-451-25-21

*** Умер Насипов Сарсенбай. Дата смерти 08.12.2019. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Альчикенова Ж.С. г. Шымкент ул, Мадели Кожя 1Г Цон 1 этаж. Тел:8705-682-20-75

Жарамсыз деп танылсын

*** ИП «Бектасова Н.К.» тиесілі 29.10.2007 жылы берілген №0039254 алкоголь өнімін бөлшек сатудағы лицензиясының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

*** Ташкулов Д.Б. тиесілі 19.02.2019 жылы №244 жер телімінің сату-сатып алу келісім шарты мен Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Тассай елді - мекеніндегі №407 кадастр №19-309-226-407 жер телімінің мемлекеттік актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

